

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

# ҒЫЛЫМНЫҢ ӘЛЕУЕТІН ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ЖАРАТА БІЛУ ҚАЖЕТ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

Үкімет пен әкім

Үкімет басшысы О.БЕКТЕНОВ:

## БОС ӘҢГІМЕНІ ДОҒАРАТЫН УАҚЫТ КЕЛДІ

Әдеттегідей, осы аптаның сейсенбісінде Үкімет жиыны болып өтті. Оған Үкімет басшысы О.Бектенов төрағалық етті. Жиынға өзек болған негізгі тақырып биылғы жылдың алғашқы тоқсанындағы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және республикалық бюджеттің атқарылу барысы.

Жиында баяндама жасаған Қаржы, Энергетика, Өнеркәсіп және Құрылыс, Ұлттық экономика министрлері мен Ұлттық банк төрағасының бірінші орынбасары айтқандарына қарағанда жағдай жаман емес. Өсім бар. Мәселен Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин баяндауында бірінші тоқсан бойынша жалпы ішкі өнімнің өсуі 3% болып отыр. Қазір экономика шикізат бағытынан гөрі өңдеу саласына бейімделіп келеді десек, биылғы жылы экономика мұнай саласын есепке алмай-ақ өсуде екен. Салалар бойынша келетін болсақ, құрылыс, көлік құрылыстары өңдеу өнеркәсібі ең жоғары өсім берген. Бұдан бөлек сауда 4,8%-ға, байланыс

15,1%-ға қысқарғандықтан тау-кен өнеркәсібінің өндірісі 11,4%-ға төмендеп отыр екен. Дегенмен көмір өндіру 12,8%-ға, металл кендерін өндіру 0,6%-ға, тағы да басқа пайдалы қазбаларды өндіру 39,4%-ға артқан. Демек, мұнай өндірісінің қысқарған көлемін басқа жер асты қазба байлықтары жауып отыр.

Еліміздегі жалпы ішкі өнімнің 3%-ға өсуін қамтамасыз етіп, ең жоғары өсім көрсетіп отырған үшеудің біреуі – өңдеу өнеркәсібі.

Бұл салада машина жасау өндірісі 21,9%-ға, оның ішінде автомобиль құрастыру 29,6%-ға, электр жабдықтарын өндіру 31,3%-ға өскен.

Сондай-ақ тамақ өнімдерін өндіру 12,6%-ға, сусындар шығару 10%-ға, құрылыс материалдарын шығару 37,1%-ға, металл бұйымдары 39,3%-ға, дәрі-дәрмек өнімдері 46%-ға, химия өнеркәсібі 2,4%-ға артқан.

Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында елімізде құрылыс қарқыны да қалыпты. Айналырған үш айда құрылыс жұмыстары

Осы жиында Үкімет басшысы Сауда министріне "өткен аптада сізге ірі көтерме базарларда тәртіп орнатуды тапсырған болатыным. Жасыратыны жоқ, ол жерлерде ел айтып жүргендей, «ұйымдасқан топтар» заңсыз әрекет етеді. Көкөніс, жеміс-жидек, ет және басқа да өнімдердің бағасы өшканді негізсіз, қолдан көтеріледі. Міне, осыны нағыз делдалдық схемалар деп айтуға болады. Ішкі істер министрлігімен, Мемлекеттік кірістер комитетімен және Бәсекелестікті қорғау агенттігімен бірге осы мәселемен нақты әрі жүйелі түрде айналысыңыз», — деп қадап тұрып тапсырма берді.

Бұдан бөлек азық-түлік, отын, көлік, коммуналдық қызмет нарығындағы монополияға қарсы бақылауды күшейту, бензин бағасына мораторийдің аяқталуына орай бағаны қымбаттатпау, энергия ресурстарына деген сұраныстың көбеюіне орай газ өндіру қуатын арттыру, тағы да басқа мәселелер бойынша нақты межелер белгіленді.

## ӨСІМ ӨСПЕСЕ, ТӨМЕНДЕМЕЙДІ...

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2026 жылғы қаңтар-наурыз айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы мен республикалық бюджеттің атқарылу барысы қаралды. Премьер-министр Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Алматы, Павлодар және Батыс Қазақстан облыстары, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларының барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштеріндегі өсімді айрықша атап өтті.

Үкімет отырысына облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жанаилов секторлық режим арқылы қатысты. Одан кейін өткен облыс әкімдігінің мәжілісінде Үкімет отырысында айтылған мәселелер жан-жақты талқыланды.

«Жауапты басқармаларға қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, макроқорсеткіштердің өсім динамикасының тұрақты сақталуы үшін жұмысты жүйелі ұйымдастыруды тапсырамын. Бүгінде көктемгі дала жұмыстары қарқынды жүруде. Сондықтан қала, аудан әкімдері осы науқанда атқарылған жұмыстар есебінің статистика органдарына толығымен ұсынылуын, мәліметтердің дәлдігін қамтамасыз етуі тиіс», — деді Данияр Еренғалиұлы.

Бұдан бөлек облыс әкімінің бірінші орынбасары ай сайынғы қаржы-ландырудың жиынтық жоспарын 100 пайыз игеруді тапсырды. Мамыр-

дың 1-не дейін конкурстық рәсімдерді толық аяқтап, келісімшарттарды қазынашылық органдарына мерзімінде тіркеу керектігін атап өтті.

Биыл өңірге 789,2 млрд. теңге инвестиция тарту жоспарланған, өткен үш айда көрсеткіш 142,1 млрд. теңге болды. Оның 106,1 млрд. теңгесі – жеке инвестициялар. Жыл соңына дейін 100 млрд. теңгеге 21 жоба іске қосылады.

2026-2029 жылдары 2 трлн. теңгеге жуық қаржыға 48 жоба жүзеге асырылып, 11 мыңға жуық жұмыс орны ашылады. Агроөнеркәсіп саласында 185,8 мың гектарға егін егу жоспарланған, оның 70 мың гектары – күріш.

Су үнемдеу технологияларына алдағы үш жылда 34 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінеді.

Сонымен қатар, 40 млрд. теңгеге қарама-қарсы 68 млрд. теңгеге техникалық дақылдар өсіру және 134,5 млрд. теңгеге жылыжай кешені жобалары жүзеге асырылуы.

Өңір 100% ауыз сумен қамтылған. Жыл соңына дейін газдандыру 85%-ға, жақсы жолдар үлесі 95,2%-ға жеткізіледі.

Биыл тұрғын үй құрылысына бюджеттен 55,6 млрд. теңге бөлінді. Қаржыландырудың барлық көзінен 950 мың шаршы метр тұрғын үй табысталады.

Жиын барысында Үкімет басшысы құрылыс саласында тұрақты өсімді қамтамасыз етуге байланысты алаң көңілін де жасырмады. Мәселен, Үкіметке тұрғын үй құрылысына 516 млрд. теңге қажет деген ақпарат түскенімен өңірлер 249 млрд. теңгенің өтінімін, яғни қажетті көлемнің жарыдан төменін растаған. Демек, тұрғын үй құрылысының толық өтелмеу қаупі бар.

Жыл соңына дейін жалпы ішкі өнімді 5%-дан жоғарылатамыз деп жоспар құрып отырған үкіметтің "әр күні, әр жиыны жылға азық" екені белгілі. Осы межеге қайтсем де жетем деп белді бекем буып отырған Бектенов жиынды «Бәсекелестік күннен күнге күшейіп келеді. Бос әңгімені доғаратын уақыт келді. Нақты іспен айналысу керек. Ірі өнеркәсіп және инфрақұрылым жобаларын жүзеге асырып, барлық салаға жасанды интеллектіні енгізу керек. Қаржылық тәртіпті қатаң сақтап, әлеуметтік қамсыздандырудың әділетті жүйесін қалыптастыру қажет. Қазіргідей бәрине бірдей емес, мемлекет шын мәнінде мұқтаж адамдарға ғана қолдау көрсетуі тиіс», деп қорытты.

қызметтері 3,9%-ға, ауыл шаруашылығы 3,4%-ға өскен көрінеді.

Енді сауданың өсіміне келер болсақ қаңтар-ақпан екі айда сыртқы сауда айналымы 21,7 млрд. долларды құраған. Елімізден сыртқа 12 млрд. тауар экспортқа шықса, соның ішінде өңделген тауарлар экспорты 4,5 млрд. доллар екен. Аял сырттан елімізге 9,6 млрд. импорт кірген. Демек ішке кіргізілімізден сыртқа шығарғанымыз 2,4 млрд. доллардан астам болып тұр. Бұл өріне ілгерілеушілік.

Сондай-ақ өңдеу өнеркәсібінде де өсу 8,5%-ға жеделдеген. 18 өңірде өсу тіркелген. Айта кететін жайт өңдеу өнеркәсібіне екінші жыл қатарынан тау-кен өнеркәсібінің үлесі жоғары десек, екіншіке орай мұнай секторының үлесі 2010 жылы 16,5% болса, 2024-ші жылы 8,1%-ға дейін түсіп, соңғы жылдары оның ішкі өнімдегі үлесі екі есе төмендеген.

Вице-министр билығы жылы "Экономиканың өсуінде мұнай секторының оң үлесі бола қоймайтынын" атап айтқан. Өйткені "биылғы қаңтар-наурыз айларында мұнай өндіру 19,8%-ға, табиғи газ өндіру

14,8%-ға өскен. Өріне, өңірлердің басым дені құрылыс қорқынын өсіргенмен, Ақмола, Жетісу, Абай, Солтүстік Қазақстан төмендеп тұр екен.

Құрылыс, тау-кен, көлік құрастыру тағы басқа салалардағы өсіммен көңілді өсіргенімізбен ауыл шаруашылығы өнімдеріне көп алаңдайтынмыз белгілі. Өзірге мұндағы жалпы өнім көлемі 3,4%-ға артқан. Дәтке куат...

Үкімет басшысы О.Бектенов жыл соңына дейін экономикалық өсімді 5%-дан жоғары деңгейге жеткізу қажеттігін, шикізаттық емес салалардағы барлық резервтерді толық пайдалану керектігін міндет етіп қойып, тапсырмалар тапсырды.

Үкімет басшысының тапсырмасына қарағанда ауылшаруашылығында жылыжайға, көкөніс пен сүт өндірісіне басымдық беріледі. Сондай-ақ өнімді өткізуді ілгерілету үшін көтерме-тарату инфрақұрылымын дамыту, логистикаға, өнімді сақтауға аса көңіл бөлінеді. Әлеуметтік бағыттағы азық-түлік тауарларына бағаның негізсіз өсуін тежеуге тұрақты мониторингтар жүргізіледі.

Жағдайларын түзетулер енгізген. Нақтырақ айтқанда, олардың қызмет түрлерінің тізіміне балалардың интеллектуалдық және жеке дамуы, мектепке дейінгі дайындық (5-6 жастағы балалар үшін), үйде бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға консультативтік және әдістемелік көмек, сондай-ақ балалар денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау қызметтері ендірілген. Бұл әрекеттер Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабын бұзады және жеке сектормен әділетсіз бәсекелестік қаупін тудырады.

Осыған байланысты Департамент Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 226-бабының 3-тармағына және 192-бабының 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзушылықтарын тоқтату туралы нұсқама жолдалды. Басқарма белгіленген мерзімде нұсқаманы толық көлемде орындады. Қазіргі таңда Департамент өңірдегі әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін жүйелі түрде бақылауды жалғастыруда.

## БАСҚАРМА ОРГАННЫҢ НҰСҚАМАСЫН ОРЫНДАДЫ

Қызылорда облысы бойынша Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің департаментімен мемлекеттік кәсіпорындардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың қызмет түрлеріне мониторинг жасалды. Мониторинг барысында қаладағы бірнеше мемлекеттік мектепке дейінгі мекемелердің қызметінде бұзушылықтар бар екендігі анықталды.

Мониторинг нәтижелері бойынша Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасымен бекітілген «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне қарасты бес мектепке дейінгі мекемесінің, атап айтқанда «Жұлдыз», «Сыр шуағы», «Алтын ұя», «31 Алтын кілт» және «Алпамыстың» өз қызмет түрлерін заңсыз кеңейткені анықталды.

Заңнамалық талаптарға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындар мен олардың еншілес ұйымдары өз қызметіне өзгерістер мен толықтыруларды ендіргенде монополияға қарсы органмен келісуі тиіс. Дегенмен, бұл ұйымдар қажетті

келісімді алмай, жарғыларына түзетулер енгізген. Нақтырақ айтқанда, олардың қызмет түрлерінің тізіміне балалардың интеллектуалдық және жеке дамуы, мектепке дейінгі дайындық (5-6 жастағы балалар үшін), үйде бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға консультативтік және әдістемелік көмек, сондай-ақ балалар денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау қызметтері ендірілген. Бұл әрекеттер Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабын бұзады және жеке сектормен әділетсіз бәсекелестік қаупін тудырады.

Осыған байланысты Департамент Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 226-бабының 3-тармағына және 192-бабының 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзушылықтарын тоқтату туралы нұсқама жолдалды.

Басқарма белгіленген мерзімде нұсқаманы толық көлемде орындады. Қазіргі таңда Департамент өңірдегі әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін жүйелі түрде бақылауды жалғастыруда.

✓ Өр елдің ғылымы әлеуеті – оның абырой-беделі мен қуатының өлшемі десек, қате болмайды. Ғылымға басымдық беретін, ғылымын қадірлейтін, басқаша айтсақ, «ғылым-білім бар жұрттар» ғана өркеніеттің өріне шығады. Бұл – ақиқат. Түптеп келгенде, адамзаттың барлық жетістігі ғылымдардың зияткерлік еңбегінің жемісі екені сөзсіз.

✓ Ғылымда тағы бір маңызды міндет тұр. Біз жас ғалымдар ғылыммен алаңсыз айналысуы үшін қолайлы жағдай жасауымыз қажет. Өйткені қазақ ғылымының болашағы – көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр және мақсаты биік жастардың қолында. Талапты әрі талантты азаматтар келішекте ұлттың шамшырағына айналады. Олар Қаныш Сәтбаев сияқты алып тұлғалардың жолын жалғайды. Сондықтан жас зерттеушілерге қамқор болуымыз керек. Бұл бағытта нақты бастамалар жүзеге асырылып жатыр.

✓ Ғылымның әлеуетін ел игілігіне жарата білу қажет. Ғылымдарымыз ашқан жаңалықтар зертханалар аясында қалып қоймауы керек. Нақты нәтиже беретін, өндіріске енгізуге болатын жобаларды жүзеге асыру қажет.

✓ Бұдан бөлек, ғылым қалашықтарына және қарқынды дамитын қалаларға жаңа технология енгізуді жолға қоюымыз керек. Қазір Қурчатов қаласына ғылым қалашығы мәртебесін беру үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Инвесторларды осындай даму орталықтарына қаржы салуға ынталандыру қажет. Бұл да – Үкіметтің өзекті міндеттерінің бірі.

### ҒАЛЫМДАР ҮНСІЗ ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

✓ Өтпелі ережелерге сай, жаңа Ата заң 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді. Сол уақытқа дейін негізгі заңдардың барлығы Конституция нормаларына сәйкестендірілуге тиіс. Бұл бағытта Парламент ауқымды заң шығару жұмысына кірісті. Депутаттар заң жобаларын мұқият әрі жедел қарастырады деп сенемін. Осы күрделі үдерісте ғалымдар ерекше рөл атқарады. Өйткені олар өркеніет күндізліктерін дәріптеп, санаткерлік және моральдық қасиеттерімен көпке үлгі көрсетеді. Нағыз ғалымдар есілік пен қараңғылыққа қарсы күрестің алғы шебінен табылып, ағартушылық пен білім жолында әрдайым топ бастаған.

✓ Біздің қоғам жақсы мен жаман туралы деструктивті түсініктердің жетегіне ермеуге тиіс, төл болмысымызға жат дүниетанымға көзсіз сенбеуі қажет. Оның салдары ауыр болады.

✓ Ғалымдарымыз үнсіз қалмай, қоғамда, әсіресе, жастар арасында жауапкершілік пен тәртіп қағидаттарын дәріптеуі қажет деп санаймын. Құқықтық нигилизмге жол жоқ. Біздің таңдауымыз – заңға бағынатын парасатты қоғам.

### САЙЛАУ БИЫЛ ТАМЫЗ АЙЫНДА ӨТЕДІ

Мемлекет басшысы ретінде еліміз үшін елеулі оқиғалар туралы алдын ала ақпарат беру өте маңызды деп санаймын. Конституция күшіне енген сәттен бастап бір палаталы Құрылтай сайлауын өткізу жөніндегі Жарлыққа қол қоямын. Сайлау биыл тамыз айында өтеді.

Мұны әдейі ерте айтып отырмын. Өйткені партиялардың жоспарларын айқындап, сайлау науқанына дайындық жүргізуіне жеткілікті уақыты болуы керек. Осылайша, партиялардың сайлаушылармен тиісті жұмыс жүргізуіне бес айға жуық уақыт беріледі.

Құрылтай сайлауы Қазақстанның бүкіл саяси жүйесін жаппай «қайта құруға» жол ашады. Бұл ретте біз жүзеге асырып отырған саяси және экономикалық реформалар қоғамдық сананың оң сипатта өзгеруіне әсер етуге тиіс. Мен мұның маңызы жөнінде бірнеше рет айттым.

### КІТАП ОҚУ – ҰЛТТЫҚ ОЗЫҚ ҚАСИЕТ

Отбасы институты мен білім беру жүйесін нығайту, шын мәнінде, балаларды кітап оқуға баулумен тығыз байланысты. Жалпы, осылай болуы қажет. Қанша жерден пессимистік пікірлер айтылса да, кітап – білім бұлағы әрі тәлімгер ретінде маңызын жоя қойған жоқ. Кітап оқыған сайын танымың тереңдейді. Кітап ақыл-ойды шыңдап, дүниетанымыңды кеңейтетіні, адамдардың өз қарым-қабілетіне деген сенімін күшейтеді белгілі.

✓ Таяуда еліміз Ұлттық кітап күнін екінші рет атап өтеді. Жұртшылықтың қолдауына ие болған бұл бастама отандық баспа саласының жұмысын жүйелендіріп, шетелдік авторлардың өзекті, пайдалы көркем шығармаларының аударылуына түрткі болуға тиіс. Кітап оқу үрдісі төл дүниетанымымыздың ажырамас бөлігіне, ұлттың озық қасиетіне айналғаны жөн. Ғалымдар бұл іске салмақты үлес қосуға міндетті деп санаймын.

### ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒА АЗАЙМАЙ ТҮР...

Осы тұста мына бір аса маңызды мәселені қайта атап өткім келеді: біз қоғамда заң үстемдігі қағидатын, яғни заңға бағыну мәдениетін түбегейлі орнықтыруымыз қажет. Заң мен тәртіп идеологиясы күнделікті өмірдің барлық саласында қатаң сақталуға тиіс: қоғамдық орындағы жүріс-тұрыс мәдениетінен, оның ішінде жиын-тойлардан, тұрмыстық мәдениеттен бастап, жолда көлік жүргізу мәдениетіне дейін осы мызғымас қағидатқа сай болуы керек.

✓ Мен бұған дейін де өз сөздерімде жол қауіпсіздігі мәселесіне арнайы тоқталдым. Өкінішке қарай, Қазақстанда жыл сайын көлік апатының кесірінен, соның ішінде көп жағдайда жол қозғалысы ережесін ерсекел бұзудың салдарынан мыңдаған адам көз жұмады. Бұған жол беруге болмайды.

✓ Бұрын елімізде көлік апатының көптігіне жолдың нашарлығын желеу қылатын. Соңғы бірнеше жылда барлық өңірдегі жол инфрақұрылымын ауқымды түрде жаңғыртуды қолға алдық. Бірақ қайғылы оқиға азаймай тұр. Демек бұл жағдайға Үкімет пен қоғам жіті назар аударуы керек. Азаматтар бекітілген ережелердің бәрін мүлтіксіз сақтайтын көлік жүргізу мәдениетін қалыптастырған дұрыс.

### СОТҚАРЛАР МЕН БҰЗАҚЫЛАР

#### “ҚАҺАРМАН” ЕМЕС

Полицейлермен тәжікелесу, тіпті оларға шабуыл жасау фактілерін тыю қажет. Мұндай жағдайларға, сондай-ақ құқықтық нигилизм дертіне шалдыққан адамдарды, басқаша айтқанда, сотқарлар мен бұзақыларды «қаһарман» жасауға заң аясында қатаң шара қолдану керек.

✓ Біз өркеніетті ұлт болғымыз келсе, полицейлердің, дәрігерлердің, мұғалімдер мен қызмет көрсету саласы мамандарының, жалпы, адал әрі заңға бағынатын азаматтардың арнамысына тиетін кез келген әрекетке бағытталған тосқауыл қоюымыз қажет.

#### “ӘЛ-ФАРАБИ” – ҚҰРМЕТТІ МАРАПАТ

Данышпан бабаларымыздың баға жетпес туындыларын заман талабына сай кәдеге жарата білуіміз керек. Ойшылдарымыз бен ғалымдарымыздың мұрасын терең танып, кеңінен дәріптеп, барынша дамытқан жөн. Ұлы тұлғаларды ұлықтау жұмысына тың серпін беру аса маңызды.

✓ Түркістан төрінде «Қожа Ахмет Ясауи» ордені туралы көтерген бастаманың мәні де – осында. Сондай-ақ былтыр Ясауи ілімін зерделеуге арналған халықаралық симпозиум өтті. Жалпы, бәріміз әйгілі Қожа Ахмет Ясауиді бірегей ғұлама ғалым әрі өркеніеттанушы ретінде еліміздің әрбір аймағында және шетелде де кеңінен дәріптеуіміз керек. Сонымен бірге оның құндылығы аса зор бай мұрасын өзіміз де барлық тұрғыдан жан-жақты зерттеуіміз қажет. Осы өнегелі дәстүр биыл Әл-Фараби форумына ұласады. Мұндай тағылымы мол, ғылыми мәні зор басқосулар жыл сайын өткізіліп тұрады.

✓ Бүгінгі салтанатты жиында тағы бір жақсы жаңалықты жариялағым келеді. Қазақ даласы көптеген мекенгер тұлғалардың мекені болғанын білесіздер. Соның ішінде әлемге әйгілі ойшыл Әл-Фарабидің орны ерекше. Оның мұрасы – бүкіл адамзаттың асыл қазынасы, өркеніет ойының шыңы. Осыған орай, мен жоғары мемлекеттік марапаттар тізіміне арнайы «Әл-Фараби» орденін енгізу қажет деп санаймын. Бұл марапат білім мен ғылым, мәдениет пен руханият саласында зор табысқа жеткен азаматтарға беріледі. «Мейірім», «Қожа Ахмет Ясауи», «Әл-Фараби» ордендері биыл алғаш рет Республика күні қарсаңында тапсырылатын болады.

(Ғалымдарды марапаттау рәсімінде сөйлеген сөзінен)



## ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУҒА ДАЙЫНБЫЗ...

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде өрт қаупі күшейетін кезеңге дайындық мәселесі қаралды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты.

Аймақта 7 млн. 300 мың гектар мемлекеттік орман қоры бар. Осы жылы «Орман және дала өрттерінің туындау тәуекелдерін азайту жөніндегі арнайы іс-шаралар жоспары» бекітіліп, комиссия отырыстары өтті. Өңірлік төтенше жағдайлар департаментінің 16 бөлімінде 106 өрт сөндіру техникасы, 9 дрон аппараты бар және 634 қызметкер жұмыс істейді. Орман шаруашылығы мекемелерінде 17 өрт сөндіру автокөлігі, 13 дрон, 15 өрт бақылау мұнарасы және 65 тұрақты өрт сөндіру жасағы дайын.

Соңғы төрт жылда облыстық бюджеттен бөлінген 2 млрд. 61 млн. теңгеге 130 арнайы техника және 200-ге жуық құрал-жабдық сатып алынды. Биыл облыстық бюджеттен лизинг бағдарламасы арқылы 2 млрд. 816 млн. теңге қарастырылған. Орман қоры жеріне 283 шақырым жаңа өрт жолақтары салынып, 6 мың шақырым ескісі қалпына келтірілуде.

Жыл басынан бері облыста 375 өрт оқиғасы тіркелді. Оның 17-сі мемлекеттік орман қоры жерінің 608 гектарын қамтыды, 3 өрте кінәлілер анықталып, олар әкімшілік айыппұл төледі және табиғатқа келтірілген залал толық өндірілді.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және алдын алу мақсатында 158 адам 17 мобилді топқа біріккен, рейдтер тұрақты жүргізілуде. Өңірдегі 124 мың тұрғыны бар 90 елді мекенде 34 өрт сөндіру бекеті жұмыс істейді, 2 мыңға жуық адамнан құралған 137 ерікті топ бар.

**Президент Әкімшілігінің Мемлекеттік инспекторы Рауан Рақымбеков, облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен өткен мәжілісте «Қазақстан Республикасы өңірлік дамуының 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы», туризмді дамыту мәселелері жөніндегі кеңес қорытындысында қалалардың сыртқы келбеті жөніндегі тапсырмалардың орындалуы талқыланды.**

Тұжырымдама географиялық ерекшеліктері мен артықшылықтарына қарай өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін аша түсуді, халықты базалық инфрақұрылыммен қамтуды көздейді. Қалада жайлы орта қалыптастыруға, аймақтардағы теңгерімсіздіктерді жоюға, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және экономиканың салалық ерекшеліктерін дамытуға бағытталған.

Бүгінде тұжырымдама аясында ауыл тұрғындарының табысы мен тұрмыс сапасын арттыру үшін түрлі

мерзімінде іске асыру керек.

Өңірдегі туристік аймақтарды, демалыс орындары мен жол бойындағы сервистік нысандарды талапқа сәйкестендіріп, қызмет көрсету сапасын тұрақты бақылауда ұстаңыздар. «Таза Қазақстан» бағдарламасының негізгі мақсаты – тұрғындар үшін қауіпсіз, таза және жайлы орта қалыптастыру. Бұл жұмыстарға қала және аудан әкімдері, облыстық басқармалар мен мекеме басшылары, сондай-ақ бизнес қауымдастық өкілдері де атсалысуы

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ

Сонымен бірге «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын іске асыру, орман қорына 2 млрд. елді мекендерге 15 млн. көшет отырғызу барысы қаралды.

Мәжілістен кейін өткен жиналыста осы және өзге де мәселелерге орай жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

– «Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін Үкімет «Өңірлік дамудың 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын» бекітті.

**Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында көгалдандыруға 18 млрд. теңге бөлініп, жыл сайын 14 мыңнан астам ағаш отырғызылады. Жалпы 2025-2030 жылдары 71,5 мың ағаш, 658,6 мың шаршы метр жасыл аймақ және 428,4 мыңнан астам гүлзар отырғызу жоспарланған.**

шаралар атқарылуда. Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, жұмысты сапалы әрі

қажет», – деді Данияр Еренғалиұлы.

Мемлекет басшысының елді мекендерге 15 млн. ағаш отырғызу тапсырмасына сәйкес Қызылорда облысында 2021-2025 жылдарға арналған жоспар толық орындалып, 958,8 мың ағаш егілді. Бұл жұмыстар аймақ басшысының бастамасымен жалғасуда. Атап айтқанда Қызылорда қаласының кіреберісіне 7 мың, әуежай аумағына 4 мыңнан астам алма ағашы егілді.

## ОРЫНБАСАРЛАР ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫМЕН БАҚЫЛАП ЖҮР

Қызылорда облысы әкімі Н.Нәлібаевтың тапсырмасымен оның бірінші орынбасары Данияр Жаналинов Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен барып, елді мекендердегі жол құрылысы, пайдалануға берілген және қайта жаңғыртудан өткен ғимараттардың қазіргі жай-күйімен танысты.



**Быттыр Жалағаш ауданында әлеуметтік жағынан осал топ санатындағы 111 отбасыға жаңа баспана кілті табысталған болатын. Облыс әкімінің бірінші орынбасары осы тұрғын үйлерді де көріп шықты.**

Алдымен Аққұм ауылдық округіне аялдап, жол құрылысы жұмыстарының нәтижесін көрді. Мұнда 2023-2024 жылдары 457,1 млн. теңгеге 10 көше күрделі жөндеуден өткен болатын.

«Ауыл – ел бесігі» жобасымен 2022 жылы 140,0 млн. теңгеге салынған Таң ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен өткен жылы пайдалануға берілген Қаракеткен ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның жұмысы да назардан тыс қалмады.

Ал Жалағаш кентіндегі Мемлекет басшысының тапсырмасымен және аймақ басшысының қолдауымен бой көтерген «Руханият орталығына» бүгінде музей, кітапхана, архив, неке кино залы, сондай-ақ ардагерлер мен аналар кеңесі, жастар орталығы, азаматтық қоғам өкілдері, тарихи-мәдени ұйымдар біріккен.

\*\*\*

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасымен облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің Байқоңыр кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай да Арал ауданына жұмыс сапарымен барып, әлеуметтік-инфрақұрылымдық нысандар жұмысымен танысты.

Алдымен «Келешек мектептері» ұлттық жобасымен салынған 300 орындық №292 орта мектебіне барды. Мектеп заманауи талаптарға сай жабдықталған, кең әрі жарық сыныптарымен, пәндік-зертханалық кабинеттерімен ерекшеленеді. Физика, химия және биология кабинеттері тәжірибелік жұмыстар жүргізуге арналған арнайы құрал-жабдықтармен, заманауи зертханалық құрылғылармен толық қамтамасыз етілген. Информатика кабинеттерінде жаңа үлгідегі компьютерлер, интерактивті тақта және жоғары жылдамдықты интернет желісі қолжетімді.

Бұдан бөлек 2022 жылы пайдалануға берілген «Өрімтал» балабақшасын, Қазалы ауданы әкімдігі ғимаратын көріп шықты. Әкімдік ғимаратын 2018 жылы «Промстройсервис» серіктестігі салып, 2019 жылы пайдалануға берілген. Әкімшілік және кеңсе бөлмелері



заманауи стандарттарға сай жабдықталған, қызмет көрсету инфрақұрылымы қалыпқа келтірілген, техникалық қызмет көрсету және абаттандыру жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

\*\*\*

Облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасымен Қармақшы ауданына барған жұмыс сапарында әлеуметтік нысандарды аралап шықты.

Алдымен III Интернационал ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру кешеніне барды. Заманауи талаптарға сай салынған нысанды «Астана Сервис LTD» ЖШС 2024 жылы пайдалануға берді. Құрылысына 409 млн



теңге қаралған кешенде бүгінде ауыл тұрғындары, әсіресе оқушылар спортпен тұрақты шұғылданады.

Әрі қарай, №284 мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының жұмысымен де танысты. 120 орынға арналған білім ордасының оқу корпусы, жатақхана, асхана және спорт алаңдары бар.

Жұмыс сапары кезінде облыс әкімінің орынбасары Жосалы кентіндегі «Руханият орталығына» да арнайы барды. Екі жыл бұрын пайдалануға берілген орталықта аудандық кітапхана, тарихи-өлкетану музейі, архив, ардагерлер кеңесі, жастар орталығы және қоғамдық ұйымдар орналасқан.

Қармақшы ауданында 2023-2024 жылдары 207 пәтерлік 103 тұрғын үй сатып алынып, кезекте тұрған азаматтарға беріле, быттыр тағы 30 тұрғын үй табысталған. Осы сапарда әлеуметтік осал топтарға арналған тұрғын үйлердің қазіргі жай-күйі де назардан тыс қалмады.

## КӨШЕЛЕР ЖӨНДЕЛІП, ЖОЛ ЖАҚСАРУДА

Қызылорда қаласы әкімі Нұржан Ахатов қала аумағы мен оған қарасты елді мекендердегі жол жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Қазір қалада, оған қарасты кенттер мен ауылдық округтерде 35,4 млрд. теңгенің 21 жобасы жүзеге асырылып, 70 көшеде 69,7 шақырым жол күрделі жөнделіп, қайта жаңғыртылуда.

Қала аумағында 32,2 млрд. теңгенің 5 жобасы қарқын алды. Тасбөгет кентінде ұзындығы 5,1 шақырым 4 көше, Белкөл кентінде 0,8 шақырымдық көше, Қызылөзек ауылдық округінде 1,8 шақырым болатын 2 көше жөндеуден өтуде.

Ал Қызылжарма ауылдық округінде ұзындығы 10,2 шақырым 14 көшеде, Ақсуат



ауылдық округінде 8 шақырым болатын 10 көшеде, Талсуат ауылдық округінде 0,4 шақырымдық көшеде жұмыстар қолға алынған.

Өткен жылы жол инфрақұрылымы саласындағы жобаларға бюджеттен 32,3 млрд. теңге қаралды. Оның 9,6 млрд. теңгесіне әуежай бағытындағы 3 көпір және «Қызылорда-Жезқазған» бағытындағы автожолдың 2,7 шақырымдық қалашілік бөлігі қайта жаңғыртылды.

Жалпы 19,5 млрд. теңгеге 27 көшеде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде көлік және жаяу жүргіншілер жолындағы қозғалысқа қолайлы жағдай жасалды, 2 көпір күрделі жөндеуден өтіп, 1 көпір жаңадан салынды.

Қала көшелерін күтіп ұстау мақсатында 35 көшеге асфальт төселіп, жол жабындыларының бүлінген учаскелері қалпына келтірілді. Кент және ауылдық округтердегі 43,5 шақырым болатын 51 көше жөнделді.

Аймақ басшысының талабы – шет аймақтарға ерекше мән беру. Осыған байланысты быттыр шет аймақтардағы 38 көшеге асфальт, «Эдельвейс» саяжайындағы 3 көшеге қиыршық тас төселді, теміржол асты өткелінің құрылысы жалғасуда.

## БӘЙГЕДЕН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ



Қызылорда қалалық ипподромында бәйгеден Қазақстан чемпионатының I ірік-теу кезеңі өтті. Жүйріктердің басты додасына еліміздің барлық аймағынан 150-ге жуық шабандоз қолтума құнан бәйге, құнан бәйге, топ бәйге, аламан бәйге, қолтума аламан бәйге бойынша бақ сынасты.

Оған облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин, Бәйге федерациясының вице-президенті Мұрат Өсербаев, Грек-рим еркін және әйелдер күресі федерациясының бірінші вице-президенті Дархан Сәрсенов, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаев арнайы қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев ұлттық спортты дамытуда ат бәйгесінің ерекше маңыздылығына тоқталып, шабандоздарға сәттілік тіледі.

– Қазақ ұғымында жылқы қашан да тектіліктің белгісі саналады. Сондықтан да ат бәйгесі – көшпелі халықтың мәдени дәстүрінен тамыр тартатын ұлттық спорттың ең негізгісі. Бүгінде Сыр өңірінде 30 мыңға жуық спортшы ұлттық спортпен жүйелі түрде шұғылданып, халықаралық және республикалық жарыстарда топ жарып жүр. Олардың қатарында қазақ күресінен Ұлан Рысқұл, Мақсат Исағабылов, Нұрым Сәлімгереев, Еңбек Сақтағанов, Руслан Теміржан, тоғызқұмалақтан Бексұлтан Бостандықов, алып күресінен Назерке Әбілтайева, көпкардан өңір тарихында тұңғыш рет Әлем чемпионатында тарихи нәтиже көрсеткен Медетбек Балғынбек бар. Осы ретте, ата-бабамыздан аманат болған ұлттық дәстүрді қастерлеп жүрген барша балкерлерге, шабандоздарға және спорт жанашырларына зор алғыс білдіремін, – деді Ардақ Темірханұлы.

Шарада Руслан Бахытұлы, Мұрат Өсербаев және Дархан Сәрсеновтер де сөз сөйледі.



Сайлабай ӘБІШЕВ

## ӨЗГЕЛЕРГЕ ҮЛГІ

Ия, уақыт осылай өтіп жатты. Жоғары басшылықтың шешіміне сәйкес 34 жасында Шиелі аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы болып тағайындалдым. Қалың жұрт әділеттілікті тілейді, озбырлыққа қарсы, қосып жазу, оңай жоғарғы көрсеткіштерге жетудің жолына көбісінің үйреніп қалған кезі, арыз – шағымның зерттелуі біржақтылық сипат алып, балаң бюрократиялықтың белең ете бастаған кезі. Не керек, қалай да аудандық партия комитеті мен атқару комитетінің ортасынан үйлесімді жұмыс жүргізіп, қалың елдің үмітін ақтау – менің төл міндетім. Ия, Шиелі топырағына келіп, алғашқы қызмет аясында өткізген «Туған жерге борышты екеніңді білемісің, Жас ұрпақ» деген үлкен мазмұндағы ойға сай жиынды өткізгенде, өзім де перзенттік борышымды атқара алсам сол азаматтық міндетім деп ұқтым.

1983 жылдың тамыз айында аудан басшылығында өзгеріс болды. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Тереңөзек ауданында комсомолдың бірінші хатшысы болған, кейіннен сол ауданда кеңшар директоры, Жалағаш ауданында партия комитетінің екінші хатшысы, Сырдария аудандық кеңес атқару комитетінің бірінші хатшысы болып істеген шаруаның да, саясаттың да барлық саласында абыройлы қызмет атқарып, ел арасында іскерлігімен танылған азамат, бұрын Шиелі ауданының «Сельхозтехника» бірлестігінде бақылаушы – механик болған, мектепті де осы ауданда бітірген Сейілбек Шаухаманов келді.

Бұл жолы бірінші басшы ауданның экономикасына бақылауға дейін талдау жасады, бірде-бір сала тыс қалмады. Әр саланың өмір талабына сай жұмыс ұйымдастыруына айрықша мән беріп, кадрлар талантының ашылуына бірден – бір қолдау көрсетті. Халықтың өлеуметтік жағдайының артуына ерекше мән берді.

Айтуымыз керек, адамдардың өзіне-өзі қызмет жасауына, әсіресе, мәдениет, өнер, спорт саласына айрықша назар аударды. Адамдармен жұмыс істеудің неше түрлі үлгілерін енгізді. Ауданды тұтастай бір организмге бейімдеп, оның әрбір мүшесінің міндетті жұмысын атқаруына жағдай жасап, елдің ауызбіршілігін, ынтымағын қалыптастыруда бір азаматтай еңбек жасады.

Үнемі белсенділік таныту өзіне жауапкершілікті сұраусыз міндеттіңің шындық. 1984 жылдың 7-ші қараша күні мерекесінен кейін, келесі күні ат жарысын ұйымдастыратын болып белгіленген. Бұл мәселемен айналысуды бір апта бұрын маған тапсырды. Сонымен не керек жеті жыл қатарынан ауданда осы жұмысты ұйымдастыру, облыста өтетін «Алтын күз» мерекесіндегі ат бәйесінде шабандоздарды дайындау жұмысы менің міндетті жұмысымдай мықтап тапсырылды ғой деймін: Бұл саладағы Шиелі өңірінің сәйгуілдіктерінің аты Сыр бойы түгілі, Қазақстанға жайылды. Басқа бөйгеі былай қойғанда, ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген аламан бөйгеде де Шиелі ауданының Ленин атындағы ұжымшарының «Ылғар» атты торы биесі бас бөйгені жеңіп алып, Татарстан республикасының президенті М.Шаймиевтің арнайы бөйгеге дайындаған «ҚАМАЗ» автомашинасын ұтып алуы дәлел болса керек.

Уақыт осылай өтіп жатты. Жалпы бақылау жұмысында табандылық таныту жауапкершілік жүгін ауырлата түседі. Бір күні аудандық партия комитетінің бюро мәжілісі үстінде жанымдағы әріптесім, өзі қағазға жазып былай депті: «Байқадың ба, шашың ағарып кетіпті – ғой, нанбасаң үйіңе барып айнаға қара». Үйге барып айнаға қарасам, шынмен шашым ағарып кетті. Бұл да тегіннен – тегін емес еді. Қаншама психологиялық карама – қарсы мінездердің тоғысы, мәселелердің принципті шешілуіндегі қиғаштықтар, шындықты бұрмалап бұра тартушылармен ашық та, жабықтай да пікір тартыстары, не керек әділеттілік атаулы мен адалдықтың өз мағынасын жоғалтып жүрген уақыт кезеңі еді.

Бір уақыт кезеңінде Шиелі аудандық партия комитетінің идеология саласын басқаруға келдім. Ойымда толып жатқан мәселелер.

Бауыржан Момышұлының ой жолдарын ақтарып отырып, «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ер болмайды» деген құдіретті, қанатты, әрі заманға қажетті сөзін тауып алдым. Баукеңнің әруағы көшірін деп, керемет ойдағы «Ер» деген сөзін «Елге» айналдырып, «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деп өзгерттік. Сөйтін, Шиеліге кіре берістің үлкен жол бойына жазып, бүкіл елдің тәртіпті болуына шақыру жасағандай болды. Шынын айтуымыз керек, бұл ұлағатты сөз, республиканың барлық аймағына таралып қана қоймай, қыстақ, ауылдарға жазылып, Баукеңнің туған ауылы Жуалы ауданының территориясына кіре беріс жолдың үстіне жазылып, елдің ортақ паспортына айналды.

Келесі назар аударған мәселелеріміздің бірі, ол барлық елді-мекендерге тән көше аттарындағы өзге халықтар өкілдерінің атауларының шексіз мөлшері еді. Желтоқсан айының 28-і күні ономи-

стикалық комиссияның отырысын өзімде өткізіп, тікелей өзім комиссия мүшелерінің пікірін тыңдай отырып, кей көшелерді өзгертуге Шиелі қыстақтық кеңесіне, оның төрағасы Мұханбетжан Әлиевке ұсыныс бердік. Шиелі өңірі Сыр бойындағы көп ұлтты аудан, әрі аудан орталығында солардың көпшілігі тұрады. Сонымен көшелер мынадай ретпен өзгертілді. Ломоносов көшесі – Әл-Фарабиге, Микоян – Ахмет Байтұрсынұоқа, Ворошилов – Сәкен Сейфуллинге, Космонавт - Тұрар Рысқұловқа, Дзержинский – С.Сейтеновке, 8 марта – Дина Нұрпейісоваға, Мелиоратор – Байсыңға, Советская – Абылайхан көшесіне, қазақтың үш биінің аты Шиелінің үш жағына қойылды. Ал, Шевченко көшесін өзінің тірі кезінде Ә.Төжібаевқа арнадық, барлығы 18 көшені өзгерттік. Біздің бұл ұсыныстарымызды М ұ х а н -

Сайлабай ӘБІШЕВ

бетжан Әлиев қыстақ кеңесінде толық мақұлдап, шешімін де шығарып, аудандық «Өскен өңір» газетіне беріп те жіберді.

Аудандық партия комитетінің хатшысы болып аз уақыт істесем де, ауданның қоғамдық өмірінде үлкен өзгерістер жасауға белгілі бір дәрежеде ықпал жасағаным шындық еді. Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 73 жылдығына байланысты 1990 жылдың қараша айының 6-шы жұлдызы күні жасаған баяндама Евразияға кең қанат жайған елдің осы мерекені ең соңғы мерекелеуі еді. Әркім өзінше түрлендіруі де мүмкін, ол кездейсоқ емес.

Меніңше, бұл баяндама өткен қоғамдағы аға буын өкілдерінің саяси жұмыстарына қысқаша берілген саяси шолу, әрі тиянақты берілген баға, сонымен бірге болашақтағы саяси жұмыстардың қателігіне ұшырамауына негіз болары сөзсіз.

1991 жылдың алғашқы аптасында аудандағы ең ірі шаруашылық – Ленин атындағы ұжымшардың төрағасы болып сайлануыма тура келді. Осылайша менің өмірімнің шаруашылыққа қарай тікелей бетбұрыс жасалуына бірден-бір себепші болған Сейілбек Шаухаманов еді. Мен өзіме шаруашылық басқарудың өзгеше міндетін қойдым.

Алғашқы күннен бастап әр өндіріс саласын, шаруашылықты қазіргі жағдайына икемдеп ішкі резервтер мен мүмкіндіктерді тиімді пайдалану міндеті қойылды. Колхоз өндірісінің барлық саласына толық талдау жасап қарасақ, суармалы әрбір гектар жердің шығыны жоғары, мал шаруашылығынан алынатын өнім әлі де болса төмен. Өндірілген өнімнің өзіндік құны жоғары болып келген. Шаруашылықты жүргізудің экономикалық әдістерін енгізу арқылы жылдар бойы қалыптасқан адамдар бойындағы психологиялық ерекшеліктерді бұзу қажет деп табылды.

Яғни, шаруашылықтың барлық өндіріс буындарында арендалық әдіс жүзеге асырылды, колхозшылар өздерінің еңбек қорытындысы тапқан табыс мөлшерімен айқындалатынына көз жеткізді. Ұжымдық меншіктің, табыстың жаңа ұғымы қалыптасты. Дегенмен, арендалық қатынастың бұл жүйесінде еңбек адамының толық дәрежесінде потенциалдық мүмкіндіктерін ашуға әлі де кедергі жасайтын элементтер баршылық еді. Өндірген өнімнің өзі сату, оның пайдасын толық көру мүмкіндігінен айырылған, мұның өзі арендалық әдіс арқылы өндіріс буындары толық шаруашылық дербестікке шықты деп айтуға болмайтын еді.

Ұжымшар осы айтылған жоғарғы факторларды және ауылшаруашылығына пайдалы жер көлемін ескере отырып, негізгі сала күрші өндірумен және қосымша сала сүт бағытындағы ірі қара өсірумен, сондай-ақ мал азығын, тауарлы астық, картоп, көкөніс және бақша дақылдары өндірумен айналысты. Шаруашылықта негізгі күрші дақылдан басқа күздік және жаздық бидай, техникалық дақылдардан соя, мал азығындық асқабақ, бақша дақылдары егілді. Шаруашылық тұрғындарының өзін-өзі қантпен, күнбағыс майымен қамтамасыз ету мақсатында колхозда қант қызылшасын, күнбағыс пен қарақұмықты егу жұмысы қолға алынды. Шаруашылықтан негізгі бағыты күрші өндіру болып қалды. Өндірілген және тауарлы өнімнің шаруашылықта бүкіл өндірілген өнімдегі үлес салмағы соңғы жылдары 80 пайызға жетті. Мал шаруашылығының болашағы ірі қара мал басын өсірумен айқындалды.

Мал тұқымын асылдандыру арқылы одан алынатын өнімді көбейту шаралары жасалғанымен тиісті дәрежеге жете қойған жоқ. Мал шаруашылығы өнімдерінің салыстырмалы түрде осу қарқыны өте баяу, әр сырдан 1395 литр сүт сауылса, бұзаудың күндіз салмақ қосуы 206 граммнан гана айналды. Ірі қара өнімділігінің төмендігі жұмсалған шығынды жаба алмады. Шаруашылықтың ірі қара саласындағы пайдаланылмай жатқан резервтер көзін дұрыс іске қосу жұмыстың жаңа формасын ұйымдастыруда талап етті. Осы мақсатта шаруашылықтағы еркек мал континентін жеке жоқалықтарға – арендаторларға түгелдей таратып, оның әрқайсысын 400 килограмнан өткізу жөнінде келісім-шартқа отырдық. Колхоз қажетті мөлшерде жем-шөппен қамтамасыз етсе, әрбір арендатор орта есеппен 10–14 ай мерзім ішінде жоғарыда көрсетілген салмақпен өткізіп, қосымша 4–5 мың сом мөлшерде таза пайда тапты. Шаруашылықтың арендатор-жоқалықтарында 840 бас еркек мал бордақыға қойылып, бағылды. Біздің колхоздың бұл тәжірибесімен танысу үшін облыстық семинар да ұйымдастырылды, жекеленген аудан шаруашылықтары тәжірибе алмасуға жиі келетін болды. Бұның өзі бір жағынан қонақжайлығымызға үлкен сын болса, шаруагерлеріміздің өз ісіне жауапсыз қарауға болмайтын жауапкершілік сезімін тудырды. Әлі есімде шаруашылықтың бұл тәжірибесімен Қазақ ССР Министрлер Советі төрағасының бірінші орынбасары, Республикалық агроөндірістік мемлекеттік комитетінің төрағасы Балташ Тұрсынбаев бастаған республикалық басшылықта да қабылдадық. Жақсы бастама

еш жерде ескерусіз қалмайтынын да білеміз, жауапкершілік ауқымы артып та келеді. Мені облыстық колхоздар кеңесінің төрағасы етіп сайлады. Ал, Қармақшыдағы «Энгельс» колхозының төрағасы Болат Сүлейменов ағамыз облыстық шаруалар одағының төрағасы болып сайлануына байланысты бұл міндеттен босатылған болатын.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы Владислав Григорьевич Ануфриев облыста іс-сапарда болып, біздің колхозға келуі жоспарланыпты. Колхоздағы мал бордақылау тәжірибесі бүкіл республиканың құлағына тиіп, енді орталық партия комитетінің екінші хатшысы келетін болды. Көктемнің кезі қайбір жауын – шашынсыз болады. Сол жылы өбден жауын болып, мал қораларына бару да қиындап, машина жүретін жол да суға толған кез. Арендаторлар да қиындықты бастан кешіруде. Кей арендатордың үйіне баруын жоспарлаудың өзі қиын, алдын-ала хабарға қарағанда сол арендаторлардың біреуінің үйінен шай ішуі керек. Өткенде Б.Тұрсынбаев келгенде Елтай Қамысбаевтың үйінде дәм татып, қорада байлаулы тұрған биенің қымызын да ішкенбіз. Бұл жолғы кезек Ортақшылдағы Мінат Қалдыбаев ақсақалдың Алғабастағы баласы

сияқты ауыл тұрғындарының арасынан шебер қолдарды пайдаланып, қарақөл елтірісін өңдеп, әйел, ер адамдардың бас киімдерін тігу жұмыстарын ұйымдастыру көзделді. Алтыншыдан шаруашылықта құрама жем шығаратын кішігірім завод салу жоспарланды, оның құрал – жабдықтары Ресейдің Омбы қаласынан жеткізілді. Бұның өзі шаруашылықтағы бар бидай, жүгері, соя дақылдарын тиімді әрі арзан жем дайындауға мүмкіншілік жасап, мал шаруашылығының өнімдерін көбейтуге бірден – бір әсер жасайтыны сөзсіз еді. Жетіншіден, Мәскеу қаласынан кіші наубайхананың құрал – жабдықтары әкелініп, оны іске қосу Орынбай Ахметовке тапсырылды. Сегізіншіден, шаруашылықта тері илейтін кішігірім цех ашу арқылы оның өнімін пайдаланып, халық тұтынатын тауарлар шығару көзделді. Жалпы бір сөзбен айтқанда, колхоз шаруашылығында ауылшаруашылығының ішкі өнімдері өзінің тұтынатындарына дайын товар күйінде жеткізілуіне барлық күш жұмылдырылды.

Облыстың колхозшылар кеңесінің төрағасы қызметімізді пайдаланып, республикалық колхоздар кеңесіне барып жүріп, Ауылшаруашылық Министрлігінің басшылығына кіріп, колхоз орталығындағы

Мұстафаның үйінен қонақасы беруге дайындалдық. Үйі де жақсы, тұрмыстары да ешкімнен кем емес. Бірақ үйге барар жол ешқандай талапқа сай келмейді. Дегенмен, осыған келістік. Бұндай да үйдегі дайындық шаруашылық басшысының жолдасына түседі де, шаруадағы жай, әрине төрағаға. Бірақ, ұшақтан түсу бойына М.Ахметжанов екеуміз күтіп алғанбыз, Сейілбек Шаухамановқа ескертіп үлгердім. Айтқандай солай болды, шаруашылықтағы жұмыстарды өз көзімен көріп, екінші хатшы мен облыс басшысы риза болып, жақсы көңілмен бақташының үйіне келдік. Дала батпақ, бірақ үйге кірер жерге кілемше төселген екен. Аяғындағы ботинкасын сол жерде шешуге ыңғайланған В.Г.Ануфриевті байқап қалған бақташы, орыс тілінде таза сөйлеп, үйге кіріп шешіңіз деді. Сөйтсек, біздің малшымыз кезінде қазақтың политехникалық институтының үшінші курсынан әрі қарай белгілі себептерге байланысты оқуды тастаған екен. Қонағымыз, бұлай жасағанымыз үйдің отанасына ауыр болады демесі бар ма, Мұстафа мен өйелді осылай қызмет жасау үшін алғанмын, деп жұртты күлкіге де батырды. Қазақтың қай дастарханы даласы қандай кең болса, сондай ғой. Бұл сапар біздің мерейімізді өсірді, елге танымал жасады, абыройымызды асырды.

Сол кездері күрші өндіріс бригадасының бригадирлері Нағымет Досманов, Нұрғелді Назарбаев, Қошқаров Балташ, Зейнолла Сейдуллаев, Рахметов Мұхамеджан, Нұғманов Бекен, Басхожаев Бақыт, бас агроном Кенжебек Сыздықов, бас гидротехник Нағымет Жанжігітов, бас инженер Сатқанбаев Шаман, бас экономист Рысанов Асылбек, бас бухгалтер Жылқай Машрафиндер, Дастанова Шырын, бас инженер құрылысшы Сауытбаев Дүйсенәлі өз міндеттерін адал орындаған азаматтар еді.

Сондай-ақ, басқарма төрағасының орынбасарлары: Қалымбетов Шайзатқан, Ахметов Қуанас, Құлмырзаева Гауһар, Утемуратова Ұлмекендер аянбай еңбек етті. Зермухамедов Омар, Әрпіхан, Дүйсеков Әбдіжәлелді, Тоғызбаев Сұлтанды, Ермаханов Өтепберген мен Көреген ағамды, Нұржанов Тасболатты қалай ұмытуға болады. Ауылдық кеңес атқару комитетінің төрағасы Дүрімбетова Казима мен кәсіподақ комитетінің төрағасы Жарасов Сейтжанның шаруаға тигізген еңбегі біраз болды. Ал мектеп басшылары Айжамал, Гүлхадиса, Забираның тынымсыз тіршілігіне қалай риза болмайсың? Жәніс Ибраев, Ералым Нұртай, Өуезов Алшердің еңбектерін бағалауға күнә болар еді.

Колхоз басқармасы өндірістік және өнімсіз шығындарды азайту жолында басқа ауданның, әсіресе, Шымкент, Жамбыл облыстарының, Өзбекстанның Ташкент облысының шаруашылықтарының тәжірибелерін жинақтауға шықты. Әсіресе, «Авангард» кеңшарының директоры Константин Васильевич Хван екеуміздің дамылсыз іс-сапарда болып қайтуымызға тура келді. Колхозда өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің көптеген мөлшері шаруашылыққа қыруар зиян келтіріп жатты. Шындығында өндірілген картоптың төрттен бірі, көкөністің 15 пайызы, ішкі мұқтажыдағы сойылған, өлген малдың терілері болмашы бағаға мемлекетке өткізілсе, дайындалған мал азығындық сақталу технологиясының дұрыс жүргізілуімен де оның бастапқы кезіндегінен 3–4 есе жұғымдылығын асауы, сайып келгенде өндірілген өнімнің өзіндік құнының өсуіне тікелей әсерін тигізді. Шаруашылықтағы мұндай шығындардың үлес салмағын азайту мақсатында колхоз басқармасы төмендегідей шараларды жүзеге асырды.

Біріншіден, өндірілген күршіт дайындап, халыққа беру мақсатында колхоз орталығынан күрші ақтайтын цех ашылды. Оны Николай Фасюра асқан жауапкершілікпен атқарып шықты. Бұл жұмыс бұрын аудан орталығындағы осындай цехта атқарылатын. Екіншіден, халықты үнмен қамтамасыз ету үшін дайын бидайды колхоз орталығынан 210 километр қашықтықтағы Шымкент облысы, Түркістан ауданының «Ихан» ұн тартатын диірменіне жеткізілетін, енді, колхоз орталығындағы ұн тартатын диірмен қалпына келтіріліп, іске қосылса, Ленин атындағы бөлімшеге қытайлық ұн диірмені әкелініп орнатылды. Үшіншіден, дайындалған астық төбесі ашық қоймаларда сақталып, оның едәуір мөлшері ысыраққа ұшырап жататын. Колхоз өз күшімен 1000 тонналық, 3000 тонналық және 500 тонналық астық қоймасының құрылысын аяқтады, шаруашылық есеппен картоп пен көкөніс сақтайтын қойманың құрылысын бастады. Төртіншіден, өндірілген көкөністің, бақшаның өнімдерінің ысырабын жою мақсатында № 6 кен басқармасының жабдықтау бөлімінің басшылығымен бірлесіп отырып, кіші кәсіпорын ұйымдастырып, ондағы негізінен дайын құрылыс объектілерін, құрал-жабдықтарын пайдаланып, көкөніс, бақша және жеміс өнімдерін қайта өңдейтін және сусын шығаратын цех ашудың негізі қаланды. Бесіншіден, колхоз өзінің қол жүнін пайдалану арқылы тұрмыстық қызмет көрсету қабылдау пунктіннің жанынан кілем цехын, сол

мектеп үйінің құлау алдында тұрғанын алға тартып, мемлекет есебінен 624 орындық үш қабатты мектеп үйін тез уақыт аралығында бітіріп, іске қостырдым. Бұл күрделі жұмысты жүргізу оңайға түскен жоқ. Айтуымыз керек, «облмежколхозстрой» тресінің бастығы А.Шаменовтың еңбегі еді.

Аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының құрылыс жөніндегі орынбасары Кемелов Омарханның көзге көрінбейтін еңбегін тек өзім ғана білемін. Бұл істе үлкен азаматтық танытқан сыйлас ағам еді.

Колхоз орталығындағы амбулатория үйін күрделі жөндеуден өткізіп, медицинаның соңғы техникаларымен жабдықтауға Арал көмек қорының есебінен, облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Ернияз Омаровта болып, тегін медтехникалар алдырдым. Екі ауылдың орталығынан екі сауда нүктесі ашылды. Ауылды ауыз сумен қамтамасыз етуді жеделдету мақсатында Виктор Степанович Морозовпен тіл табысып, жерлестігімізді пайдаланып (Қазалыда құрылыс саласында жұмыс істеп, тресті де басқарған) дайын асфальт жолын бұздың деп, одан қосымша қаражат талап еткенім өз алдына өңгіме. Екі ауылдың көшелеріне су жолдары тартылып, Жиделі – Шиелі су жүйесіне қосылды. Әрине бұл жұмыс кейін аудандағы басшылықтың жауапсыздығының әсерінен іске қосылмай белгісіз себептермен кейінге ығыстырылған.

...Біздің ауылдың бөйге аттарының арасында ауданды былай қойғанда облыстың бас жүлдесін алып жүрген сәйгуілдіктері жеткілікті еді, соған сәйкес атбегілері де бұл жұмысты кәсіпке айналдырып, табыс биігінен көрініп жүрген-ді. Қырсық қылғанда «Аламан» бөйгеде үнемі бірінші орынды алып жүрген күреш қасқа «Брэкстің» аяғының сіңірінің созылуына байланысты бөйгеге шабуға жарамсыз боп қалған-ды. Әрі басқа да жағдайлар болып, оны тікелей емдеумен айналысу № 5 бригаданың бригадирі Мұхамеджан Рахметовке тапсырылды. Обалы не керек, ол бұл жануарды өз баласынан кем күткен жоқ, бар ықыласы осыған ауды. Бөйге атына қажетті қорлық жасаудың өзі, оның сұлу мүсінін қолдан сомдағандай болды. Бұның өзі сәйгуіл аттың көптің көзіне түсуіне, қығынуына себепші болары анық. 1991 жылдың күзінде қазақтың тұңғыш құрылтайы Алматы қаласында өтетін болып, соған үй тігу, барлық жағдайларын ұйымдастыру біздің ауданға, Шиеліге жүктелгенін білеміз. Бірақ қазақтың салтында ақбоз үйдің барлық жасауларымен қатар, ұшқыр тазы мен ер қанатты жүйір аттың болуы шарт. Сол таңдау біздің күреш қасқаға түсті ғой. Алматыға жеткізіп, ақбоз үйдің жанындағы сән-салтанатқа ерекше көңіл қойған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сол сәтте жанында жүрген Финляндия Президентіне сыйға тартып жібермесі бар ма? Міне қызық, маған жеткен хабар. Елбасының атынан Финляндия Президентіне берілгендік дәлелдейтін құжат, қарапайым сөз емес, Койвистонның аттың үстіне мініп тұрғандағы суретімен нақтыланды. Мен айтсам, бекер болған екен. Біріншіден, ат сұлу болғанымен, аяғының сіңірі созылған. Екіншіден, оның «үлкен қызметінің» кеселі бар. Әлі емделіп болмаған. Не болса да болды. Айтылған сөз, атылған оқпен бірдей, қайтарып ала алмайсың, өмірдің заңдылығы осы. Уақыт өте келе шамасы қарашаның аяғы болу керек. Қазақстан Республикасының вице – президенті Ерік Мағзұмұлы Асанбаев телефон арқылы аудан әкімшілігіне шығып, П.Архабаевпен сөйлесіп, маған қостырды. Сыйға тартылған атты вагонмен Ленинград арқылы пароммен Финляндияның бір аралына жеткізуіміз керек. Қызықтың көкесі енді болды. Ат сыйға тартылды. Қошметек көрсетілді. Жұмыс осымен бітсе жақсы ғой. Дәл біздің атты жіберсек, онда қазақ елінің, оның халқының, басшысының абыройы айрандай төгіледі. Себебі, жоғарыда айтқандай екі үлкен кемшілігі бар еді. Оның да шешімі табылды. «Телікөл» кеңшарындағы осыған ұқсас бөйге атын сатып алып, паспортын жасап, арнайы вагонмен екі азамат ойда жоқта Суоми еліне сапар шегіп қайтқаны барды. Бұл да үлкен сенім, әрі құрмет еді.

...Сонымен не керек, мемлекеттік құрылымның ірге тасы шайқатылып, әрбір тұтысқан республикалар өз отаулары бөлек тігуге асығыс тіршілікке көшкен кез. Елдегі секілді облыста да мемлекеттік лауазым иелері белгіленіп, барлық билік сол орынтақтың иелеріне берілген-ді. Себебі, Мәскеудегі Жоғарғы Кеңестің сессиясында КСРО Конституциясының кейбір баптарына ішнәра өзгерістер енгізіліп, ондағы 6 бапты алып тастады. Яғни, коммунистік партияның елдегі басшылығын мойындауға еді. Осыны пайдаланып Ресей Федерациясының президенті Б.Н.Ельцин, КСРО Президенті әрі СОКП Орталық Комитетінің Бас Хатшысы М.С.Горбачевтің трибунада көзін бақырайтып қойып, бүкіл елдің алдында (теледидар тікелей хабар беріп жатқан) алып елді уысында ұстаған Компартияның қас-қағым сәтте бір қол қоюмен таратып жіберді. Бұл оқиға 1991 жылдың 16 қарашасы болып тарихқа енді. Бұл оқиғаның ізін



## Кітапхана

Оқиға кезіндегі ең бұйырқанысты, ең қауырт күндердің бірі болумен бірге, ең өзгерісі көп күн 5 қаңтар болды. Осы күні Қасым-Жомарт Тоқаев жоғарыда біз айтып кеткен екі тізгін, бір шылбырды қолына алып, билікті тұтасымен өз еншісіне қайтарып алды. Ол осы күні Қаңтар оқиғасы басталғалы бері алғаш рет халыққа теледидар арқылы жүзбе-жүз үндеу жеткізіп, қалыптасып тұрған қазіргі ахуал жайын баяндап берді. Осы мәтінде Қауіпсіздік кеңесін басы бүтін өз қолына алып алғанымен жұртты хабардар етіп өтті. «Еліміздегі ахуал өте күрделі. Менің осыған дейін жасаған бірнеше үндеуіме қарамастан, өздерін «ереуілшілер» деп атайтын адамдар тобы қасақана түрде жағдайды ұшықтырып отыр. Еліміздің тең жартысына жуығында қақтығыстар орын алуда. Әсіресе, Алматыдағы ахуал өте күрделі, - деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. - Біздің сүйікті қаламызда құқық қорғау қызметкерлеріне жаппай шабуыл жасалып жатыр. Олардың арасында қаза тапқандар мен жараланғандар бар». «Президент ретінде, мен азаматтарымыздың қауіпсіздігі мен тыныштығын қорғауға, Қазақстанның тұтастығына алаңдауға міндеттімін. Менің қабылдаған шараларым көп ұлтты Қазақстанның игілігіне бағытталған. Алайда бұл шаралар жеткіліксіз болып тұр, - деді ол бұдан әрі. Сондықтан Мемлекет басшысы және бүгіннен бастап Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы ретінде барынша қатаң әрекет ететімін. Бұл - өмірін қорғап қалуға өтініш білдірген көптеген азаматымыздың қауіпсіздігіне қатысты мәселе. Бұл – мемлекетіміздің қауіпсіздігіне тікелей қатысы. Халық мені қолдайтынына се-

# ПРЕЗИДЕНТ БАР БИЛІКТІ ӨЗ ҚОЛЫНА АЛДЫ

есектікішін тұғырынан қағып түсірді. Осымен бір мезетте облыстық әкімдіктің ғимараты өртенді. Түннің бір мезгілінде Тараз, Шымкент, Қызылорда қалаларында да кескілескен шайқастар жүріп жатты. Ал Семей, Өскемен, Орал, Петропавл, Павлодар қалаларында митингіге қатысушылар әскерилердің арнайы қару қолданулары арқылы қуып таратыла бастады. Сол сияқты Ақтөбе, Атырау және Семей қалаларында әкімдіктерді басып алу әрекеттері тіркелді. Бұл кезде Ақтау мен Жаңаөзендегі алаңдарға 10-20 мың шамалас қарсы адам жиналды, бір тәуір жері - олардың наразылық шаралары бейбітшілік сипатынан асқан жоқ.

Халықаралық Global Check блок мониторингі желісі кешке қарай бүкіл Қазақстан бойынша интернеттің ажыратылғанын хабарлады. Ұялы байланыс та істен шықты. Елдегі жағдайдың осылайша шиеленісе түсуіне байланысты 5 қаңтарда Қазақстанның барлық аумағына төтенше жағдай режимі енгізілді. Ол айдың 19-ына дейін созылатын болды. Осыған орай елдегі барлық ірі қалада комендатуралар құрылды, бақылау-өткізу бекеттері қойылды, коменданттық сағат енгізілді, қозғалыс еркіндігі шектелді, бейбіт жиналыстар мен ереуілге тыйым салынды.

Қасым-Жомарт Тоқаев 6 қаңтар, бейсенбі күні Қауіпсіздік кеңесінің өзі басқарған бірінші жиынын өткізіп, Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымынан көмек

рорпортты жайлап алған ереуілшілер саны 20-30-дан аспайтынын талай баспасөз құралы жазды. Бұл - бір. Екіншіден, әуежайды басып алатын да ештеңесі жоқ-тын, шеруші топ келем дегенше, ондағы желілік полиция қызметкерлері де, әуе гаванының қызметшілері де ғимаратты тастап, кетіп қалған болатын. Үшіншіден, 20 000 лаңкестің бір мезетте ғана емес, бір күннің ішінде де қалаға ұшып келе алуы тіпті мүмкін емес. Себебі, олар бортында 200 орын бар лайнерлер болғанда да соншама адамды алып келуге кемінде 100 ұшақ керек. Оларға соншалықты әуе кемесін кім береді, оларды аэропортта кім қалай күтіп ала алады?

Бірінші президенттің бұрынғы кеңесшісі Ермұхамет Ертісбаев та 20 мың лаңкестегеннің ешбір қисынға қиыспайтынын айтады. Ол 2022 жылдың 15 ақпанында Sputnik Қазақстан агенттігіне берген сұхбатында Президентке бұл цифрды бергендер кімдер екеніне тоқталды. Оның айтуынша, шабуылдаушы топ мұнда бірнеше мақсатты көздесе, соның бірі Тоқаевты қорқыту болған.

«Олар «қазір біз оны қорқытсақ, қашып кетеді» деп ойлады. Сөйтіп, Президентке қатты қысым көрсетілді. Тоқаев қолданған - 20 мың террорист деген ақпаратты ҰҚК-нің бұрынғы басшылығы берген. Президентке берген ақпараттар арасында «Ақордаға шабуыл жасалады», «елордада бірнеше мың содыр жүр» дегендер де бар. Тоқаев ақпарат вакуумында болды. Күштік құрылымдар

Мемлекет басшысы сөзінің тағы бір иірінде Қаңтар оқиғасы кезіндегідей жағдайлар қайталанбауы үшін бірінші кезекте елдегі экономикалық ахуалды жақсарту керек екенін айтты. «Ең алдымен, еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажет, - деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. - Экономикалық саясатымыздың мақсаты - айқын. Бұл - заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құру және дамыту. Бұл жүйенің өзегінде қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне білетін кәсіпкерлеріміздің ауқымды тобы тұратынын анық. Яғни, бұл - өзінің және балаларының тағдырын Қазақстанмен ғана байланыстыратын кәсіпкерлер. Дәл осындай кәсіпкерлер ел болашағы үшін өзіне жауапкершілік алуға дайын. Сол себепті, кәсіпкерлікті дамыту үшін жүйелі жұмыс атқару өте маңызды. Мен бизнеске түскен бюрократиялық салмақты айтарлықтай азайтып, оның есіп-өркендеуіне жол ашатын заңға қол қойдым. Үкімет осы заңның әлеуетін нақты іс жүзінде пайдалануы қажет».

Мәжілістің осы отырысында Президенттің ұсынысымен бұған дейін тек міндет атқарушы болып келген Әлихан Смайлов Премьер-Министр болып бекітілді. Тоқаев Үкіметтің жаңа құрамымен таныстырды. Қайта тағайындау кезінде бұрынғы ведомство басшыларының көбі қызметінде қалды. Президент жиында «Қазақстан халқына» әлеуметтік бағдарламасын жариялады.

## Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ

# ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

## II-тарау

# ОҚИҒА ОРТАСЫНДА

німдімін. Қандай жағдай болса да мен елордада боламын. Халықпен бірге болу - менің Конституциялық міндетім. Біз жұмыла отырып, Қазақстан тарихындағы осы сын сағатты бірге өңсереміз. Бұдан шыңдалып шығамыз. Жуырда Қазақстанды саяси трансформациялау жөніндегі жаңа ұсыныстарымды жариялаймын. Мен дәйекті реформаларды бұрынғыдай жалғастыра беремін».

Расында бұл кезге дейін бары-жоғы, қайда екені белгісіз, мына оқиғаларға байланысты осы уақытқа дейін бір ауыз тіл қатпаған Нұрсұлтан Назарбаевтан Қауіпсіздік кеңесінің басшысы ретінде ешқандай пайда жоқ екенін аңғарып отырған халық мына шешімді құптап қарсы алды. Ал бұрынғы президенттің баспасөз хатшысы болып саналатын Айдос Үкібай болса, бірінші рет тек 8 қаңтарда ғана Twitter әлеуметтік желісінен көрініп, «Елбасы Қазақстанның астанасы - Нұр-Сұлтан қаласында» деген бір сөйлем жазып қалдырды.

Бұл күннің тағы бір жаңалығы - осы күні кешке қарай Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бастығы Кәрім Мәсімов те өзінің шефімен бірге қызметімен қош айтысты. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің сайтындағы мәлімдемеге сәйкес, ол келесі, 6 қаңтар күнінің кешінде ұсталып, уақытша ұстау оқшаулағышына қамалған. Күдіктіге бірінші кезекте Қылмыстық кодекстің 175-бабына (мемлекетке опасыздық жасау) бойынша айып тағылды. Мәсімовтен бөлек, тап осындай күдікпен аты-жөні жарияланбаған басқа адамдардың ұсталғаны да атап өтілді. Ал Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жаңа төрағасы болып бұған дейін Мемлекеттік қүзет қызметінің басшысы қызметін атқарған Ермек Сағымбаев тағайындалды. Оның бірінші орынбасарлығына мұның алдында Президент әкімшілігі басшысының орынбасары болған Мұрат Нұртілеу бекітілді. Бұл комитетте бірінші орынбасар болып отырған Самат Әбіштің тым ұзамай қызметтен кететінін білдіретін ишара еді. Шынында да солай болды, генерал-майор деген шені бар бұл азамат 15 қаңтарда қызметінен кетті, ал 2024 жылы 20 наурызда Астана ауданаралық мамандандырылған сотының үкімімен 3 жылға шартты сотталды. Осы күні сондай-ақ Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев қызметінен босатылып, оның орнына бұған дейін Президенттің көмекшісі ретінде танылған Ерлан Қарин келді.

Негізі, тағайындаудың бәрі таңертең Президенттің Асқар Мамин бастаған Үкімет отставкасын қабылдауынан басталды. Сол бойда бұған дейін вице-премьер болып келген Әлихан Смайлов енді Министрлер Кабинеті басшысының міндетін атқарушы болып белгіленді. Мемлекет басшысы осы жиында сұйытылған газға, бензин мен дизель отынының бағасына 180 күндік мемлекеттік реттеу енгізілетінін еске салып өтті. Президент Қазақстанның Бәсекелестікті қорғау агенттігіне 20 күн ішінде баға келісімі бойынша тексеру жүргізуді тапсырды. Ол сонымен бірге Үкіметтің тұрғын үй-коммуналдық қызметтеріне тарифтерді өсіруге және халықтың әлеуметтік осал топтары үшін екінші реттік тұрғын үйді жалдау ақысын субсидиялауға мораторий енгізуді қарастыратынын айтты. Тоқаев бұдан кейін денсаулық сақтау мен балалар мәселелерін шешу үшін «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң әзірлеуге, мемлекеттік көздерден қаржыландырылатын «Қазақстан халқына» атты қоғамдық қор құруға бұйрық берді.

Бұдан бөлек, zakon.kz сайты мен Qazagstan телеарнасының хабарлауынша, наразылық ошағы - Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласындағы «Қазақ газ өңдеу» зауытының директоры газ бағасын негізсіз өсіргені үшін ұсталғаны аян болды. Қазақстандық басшылардың жазуынша, жанармайдың осы түрін сатумен айналысқан электронды сауда алаңының басшысы да қамалған. Содан кейін Қаржы мониторингі агенттігі олардың үстерінен сотқа дейінгі тәртеу амалын бастап кеткен.

Бірақ бұл шаралардың өзі наразылық қозғалысын тоқтата алмады, бұған керісінше, толқу енді ерекше екпін алды, мұның соңы 5 қаңтарда шерушілер мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасындағы ауыр қақтығысқа ұласты. Осы шайқастың шығарысында әкімшілік ғимараттары, соның ішінде Алматы әкімдігі мен қаладағы Президент резиденциясы шабуылға ұшырады. Бұлардың арасында қарулы адамдардың жүргендері де белгілі болды. Олар күштік құрылым сарбаздарымен атысты. Бұл оқиға кейінірек «20 мың лаңкест» жөніндегі аңыздың шығып кетуіне бірден-бір себепкерлік етті. Талдықорғанда шерушілер тобы эксковатордың көмегімен Назарбаевтың алып

сұрағанын мәлімдеді. Сол күні ҰҚШҰ төрағасы, Арменияның премьер-министрі Никол Пашинян Қазақстанға әскер жіберетінін ресми түрде растады. Ұйымның бітімгерлік күштерінің негізгі миссиясы Қазақстандағы стратегиялық нысандарды қүзету екені атап көрсетілді. Сол жоспар бойынша 9 қаңтар күні 2030 сарбаздан, 250 техникадан құралған Ресей, Армения, Беларусь, Қырғызстан және Тәжікстан әскерлері еліміздің маңызды нысандарды қүзету жұмысына кірісті. Олар Байқоңыр ғарыш айлағы, Сарышаған полигоны, ғарышты бақылау станциялары сияқты басқа да маңызды әскери нысандарды қүзетуге кірісті. Мұнда олар 13 қаңтарға дейін болып, өздері қорғауға алған нысандарды қазақстандық құқық қорғаушыларға тапсыра бастады. Осылай ҰҚШҰ әскерлерін елдеріне қайтаруға дайындық қолға алынды. Қорғаныс министрлігі 19 қаңтарда ел аумағында шет мемлекеттердің әскерлерінен ешкім қалмағанын мәлімдеді.

Қаңтардың 7-сі күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тағы да Қазақстан халқына үндеу арнады. Ол өзінің сөзінде кеше Алматы, Ақтөбе қалалары мен Алматы облысының ахуалдың қалпына келтірілгенін жеткізді. Айтуынша, енгізілген төтенше жағдай режимі өз нәтижесін берген, бүкіл еліміз бойынша конституциялық заңдылық орнатылған. Бірақ террористер мемлекеттік және жеке азаматтардың дүние-мүлкіне өлі де залалын келтіріп, азаматтарға қарсы қару қолдануда. Ол сондықтан өзінің құқық қорғау органдары мен армияға ескертусі оқ атуға бұйрық бергенін айтты.

«Біз қаруланған әрі дайындықтан өткен жергілікті және шетелдік содырлармен бетпестік келіп отырмыз. Нақты айтқанда, содырлармен және лаңкестермен. Сондықтан оларды жою керек. Бұл жұық арада жүзеге асырылады, - деді Тоқаев. - Алматыда содыр-лаңкестердің қолынан әкімшілік ғимараттар ғана емес, бейбіт тұрғындардың мүлкіне де залал келді. Сондай-ақ жүздеген бейбіт тұрғын мен әскери қызметшінің денсаулығы мен өміріне қатер төнді. Қаза тапқан азаматтардың отбасылары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамын».

Мемлекет басшысы бұдан кейін 2020 жылдың мамырында өзінің ұсынысымен азаматтардың бейбіт жиналыстарды өткізуді туралы заң қабылданғанына тоқталды. Онда жиынды еліміздің кез-келген қаласының орталығында өткізуге болатыны көрсетілген. Алайда қай жерге жиналып, не айтсақ та, құқымыз бар деп санайтын кейбір құқық қорғаушылар мен белсенділер өздерін заңнан жоғары қояды. Осындай шолпақ белсенділердің жауапсыз әрекеттерінің кесірінен полиция қызметкерлері өздерінің негізгі құқықтық тәртіпті сақтау қызметіне толық көңіл бөле алмайды.

«Осы жауапсыз демагогтардың барлығы Қазақстанда қайғылы жағдайдың туындауына себепкер болды десек, асыра айтқанымыз емес, - деді ол бұдан әрі. - Біз құқықтық вандализмнің кез-келген түріне қатаң шара қолданамыз. Біздің тарихымыздағы осы бір қиындықты тез арада еңсеретінімізге ешқандай күмән жоқ. Ең бастысы, болашақта мұндай оқиғалардың қайталануына жол бермеу керек. Мен құрған ведомстволарлық топ содырлар мен лаңкестерді іздеумен және оларды ұстаумен айналысады. Олардың бәрі қатаң қылмыстық жауапкершілікке тартылады деп азаматтарымызға уәде беремін».

Осы жерде Президент басында күштік құрылымдар басшылары жеткізген «20 мың лаңкест» жайлы ертегіні де өз сөзінің арқауына қосып жіберді. «Тек Алматының өзіне 20 мың содыр шабуыл жасады», - деп атап өтті ол. Ал бұл цифрды бұдан екі күн бұрын, 5 қаңтарда Ішкі істер министрінің міндетін атқарушы Ерлан Тұрғымбаев Алматы қалалық әкімдігі ғимаратына жасалған қарулы шабуылдан кейін берген брифингінде айтып еді. Ол сол жолы: «800-ге жуық содыр халықаралық әуежайды басып алды. Ұшып шығатын 60 рейспен келетін 56 ұшақтың жолы жабылып, Алматыдан ұшып кететін немесе келіп қонатын азаматтар үшін үлкен проблемалар туғызды, көліктердің жұмысын нашарлатты», - деді. Бірақ ведомство басшысының бұл сөздері де шындық атаулының маңына жоламайды. Өйткені, сол кездері-ақ аз-

оны сатып кетті», - деп жауап берді саясаттанушы журналист Гүлнар Бәхженованың сұрағына.

Айта кетейік, бір жылдан астам уақыттан кейін, 2023 жылдың 14 наурызы күні Парламентте есеп берген Бас прокурор Берік Асылтов «20 мың террор» туралы «ертегіні» бірден жоққа шығарды. «Бүгінге дейін 19 шетелдік ұсталды. Олар – Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан азаматтары. Бәрі де жаппай тәртіпсіздік лаңына қатысқан. 20 мың шетелдік террорист болған жоқ, сіздердің бұл санды қайдан алғандарыңызды білмейміз», - деді ол Мәжіліс кулуарында. Сонымен, бұл өңгіме біржола жабылды.

Біздің Қаңтар оқиғасының табиғатын зерттеу барысында көз жеткізген негізгі пайымымыз бұл қозғалыстың немесе қақтығыстың бір күнде өзінен өзі пайда бола салмағанына барып тоқталды. Ашығын айтсақ, бұл бірнеше жыл бойы алдын ала ойластырылған зұлымдықтың көрінісі. Ал зұлымдардың ең басты көздегендері - өздерінің қанқұйлы әрекеттерін іске қосып, билік тағына қайта келу, немесе бұған өздерінің шылауынан шықпайтын шартық біреуді әкелу және сол арқылы өздерінің ойларына келгенді істеп, бас пайдасына қызмет еткізу болмақ. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 11 қаңтар күні Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде Қаңтар оқиғаларының түбірі мен түйініне кеңінен тоқталып өтіп, қасіретті күндердің күркірі артта қалғанын аңғартты. Оқиғаға байланысты қорытынды сөз түрінде шыққан бұл баяндамада ол мемлекеттік төңкеріс жасауға әрекет етуге дейін алып барған қасірет қазауатын елдің бірлігі мен табандылығы, адалдығы мен етжілтілігі арқасында ауыздықтаудың орайы келгенін атап өтті.

«Біздің қоғамның беріктігі мұқият жасалған, соның ішінде кәсіби тұрғыда әзірленген сценарийлерге сәйкес туған наразылықтар арқылы бұзылды, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев. - Қаскөй шараларды нақты орындаушыларды даярлау астыртын жүргізілді. Ұлттық қауіпсіздік комитеті үкілетті орган ретінде бұл ірікті тірлікке нақты баға бере алмады және бұған құлықты болмады. Ұлттық қауіпсіздікке төнген қатерге мен бермеді. Сондықтан бүлік ерік берушілерге кез келген жағдайда айтыла салатын сылтаулардың бірін ойлап тапқаннан басқа ештеңе қалмады».

Тоқаевтың айтуынша, Қазақстанға шабуыл жасау жоспары әскери, саяси, идеологиялық, жалған ақпарат тарату секілді түрлі аспектілерді қамтыған. Билікті басып алуға дайындық жұмыстары кәсіпқойлар жүргізді. Бұл халықаралық лаңкестіктің елімізге жасаған қарулы агрессиясы болғандықтан, Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымындағы әріптестеріне занды түрде бітімгершілік контингентін жіберу жөніндегі өтінішпен шыққан. «Мынаны түсінуге қажет: біз мұндай шешім қабылдаған кезде Алматыны бақылауда ұстаудан толық айырылып, оны лаңкестердің талауына беріп жою қаупі төніп тұр еді, - деді ол келесі кезекте. - Алматыны жоғалтсақ, елорданы, сосын бүкіл елді жоғалтып алатын едік. Елордада бітімгершілік контингенті пайда болғаннан кейін біз ол жақтан арнайы бағыттары қосымша бөлімдерді Алматыға жіберіп қаланы сақтап қалдық».

«Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жеке тоқталғым келеді, - деді Мемлекет басшысы содан соң. - Бұған қатысты түрлі қауесеттің, әсіресе, шетелде тарап жатқан жаңсақ пікірдің алдын алу қажет. Бұл ұйым ұжымдық қауіпсіздік мәселелерімен айналысады... Осы ұйымның барлық мүшелерінен жасақталған бітімгершілік контингенті Қазақстанға уақытша мерзімге ғана келді. Оған жүктелген міндеттер нақты айқындалған. Бұл - стратегиялық нысандарды қүзету және ақыл-кеңес беріп, қолдау көрсету. Лаңкестерге қарсы операцияны толығымен Қазақстанның күштік құрылымдары жүзеге асыруда. Шын мәнінде, солардың жанкешті іс-әрекетінің арқасында төңкеріске жол берілген жоқ. Мемлекеттік төңкеріс жасап, елдің тұтастығын бұзу үшін жасалған әрекет сөтсіз аяқталды. Біртұтас ұлт болып Алматы мен басқа да облыс орталықтарын қорғап қалдық. Енді олар барынша қысқа мерзімде қалпына келтіріліп, бұрынғыдан да әдемі болады».

Қаңтар оқиғасы осылай біртіндеп өзінің ақырына жетті. Осы қасіретті күндер 238 адамның өмірін жұлып кетті. Бұлардың дені өмірге әлі тоймаған әлімұлыққа жетпеген кішкентай балақайлар, қышылдаған қыршын жастар, атжалын енді тартып мінген ардақты азаматтар, орта жасқа барып қалған қарапайым пақырлар еді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Өзімова ұсынып отырған бұл мәшһерге Бас прокурор арада бір жыл өткеннен кейін өзгеріс енгізді. Ол өздері жүргізген тексеру жұмыстарының нәтижесіне сүйеніп, нақты қаза тапқан адам санының 230 екенін алға тартады. «Өзімова бұл жерде тергеу оқшаулағышына қамалғандарды да санаған. Олар бұрын қамғау алынғандар, науқастар көп болды, ол жалпы санын алып отыр. Өзімова айтқан сегіз адам Қаңтар оқиғасына мүлде қатысқан жоқ» - деді Берік Асылтов.

Мемлекет басшысы жиында кейбір мемлекеттік органдардың жұмысына «нашар» деген баға бере келіп, билік құрылымы екілдерінде қарапайым халық өміріне қатысты қате ұғымдар қалыптасқанына реніш білдірді. Қоғамда осы жікке бөлінушіліктің салдарынан теңсіздік мәселесі жылдан-жылға ұшығып бара жатыр. Бізде тамыр-таныстық мәселесі әлі көп меселені шешіп тұр. Оның бір мысалын Тоқаев «Мемлекеттік қолдау жүйесінде «достар бөрің алады, қалғандары заң бойынша қалғанын алады» ұғым пайда болды» деу арқылы су бетіне шығарып берді.

Президент осы орайда экс-президенттің кенже қызы Әлия Назарбаева егелік етіп келе жатқан «Оператор РОП» компаниясының жұмысын жедел тоқтатуды бұйырды. Әлеуметтік теңсіздіктің тағы бір мысалы іспеттес бұл мекеме жұрттың көптен бері зығырданын қайнатып келеді. Сыбағалы сыннан Астанадағы «сыбайлас жемқорлықтың жеті атасын танытатын» LPT жобасы да тыс қалмады. Келесі мезетте «Самұрық-Қазына» қоры мен Қазақстанның Даму банкісі де өз бағаларын алды. Бұлардың соңғысы қаржы-өндірістік және құрылыс кеңселеріне егелік ететін таңдаулы адамдар тобына арналған «жеке банкке» айналып кеткен көрінеді.

Мемлекет басшысы бұдан кейін министрлер, депутаттар және әкімдер жалақылары осы қалпында ұстап тұру керек екенін, оларды өсіруге бес жылға мораторий жарияланатынын айтты. Тағы бір жайт, Ұлттық қауіпсіздік жүйесін түбегейлі қайта құру қажет. Содан соң Үкіметке халықтың табысын арттыру бағдарламасын әзірлеуді, жұмыссыздықты азайтуға көңіл бөлуді, инфляцияны бақылауға бағытталған шаралар кешенін әзірлеуді тапсырды. Ол сөзінің соңында республикада саяси жаңғыртудың жалғасатынын және саяси реформалардың жаңа пакеті ұсынылатыны қырқығай айында жарияланатын халыққа кезекті Жолдауда айтылатынын мәлімдеді.

Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин 10 қаңтар күні «Хабар 24» телеарнасында сөйлеген сөзінде «Қазақстандағы террорлық шабуылдардың түпкі мақсаты мемлекеттік төңкеріс жасау болды» деп мәлімдеді. «Бұл жерде ішкі және белгілі бір сыртқы деструктивті күштердің арасында әлдеқандай бір келісім болған, бұл Қазақстан азаматтарының да, шетел азаматтарының да осындағы бүлікшіл лаңкестік топтар әрекеттеріне қатысқандарынан да көрініп тұр», - деді ол. Біз бұған қосыламыз. Ондай бүлдіргі күштер көрші елдердің бірінен шығып жатса да, еш таңқалмаған болар едік.

Қаңтар оқиғасының дүниені шайқап өткеніне үш жылдан енді асып бара жатқан шақта көкірегі ояу, көзі ашық азаматтарымыздың басым көпшілігі елімізде егемендіктің үтес жылы ішінде еңсе көтеріп көрмеген бұл дүлей дүрбелеңнің орын алуы бір жағынан занды құбылыс, лайықты жауап екеніне де көз жеткізе түсті. Ол сол отыз жылдың ойпатында орын алған әлеуметтік әулекі әділетсіздіктердің, саяси тоқыраулардың себеп-салдарынан туындаған. Елде шіріген бай мен сіңірі шыққан кедей арасындағы жік бұрынғыдан бетер алшақтай түсу бағытына бет бұрды. Мұнда сондай-ақ, Президенттің республикалық «Ана тілі» газетінің 2024 жылғы 3 қаңтар күні нөмірінде жарияланған сұхбаты сұлбасында атап өтетініндей, «қаскөйлердің шектен тыс менмендігінің және олардың халықпен мемлекет тағдырына немқұрайлы қарауының» кесірі де жатыр. Өкінішке қарай, бұл - әлем тарихында әрейдік болып тұратын қалыпта жағдай. Мұндай пейілдер Қазақстандағы оқиғаға дейін де болған, кейін де бола беретін шығар. Тек мемлекет пен оның халқы оларға лайықты тосқауыл қойып, қарсы соққы беруге әрдайым дайын болуы тиіс.

(Жалғасы бар)

Рахым нағашымыз жайлы бұдан 30 жыл бұрын, оның 50 жасқа келгенінде туыстық, достық жақындығымызды сөздіруге барынша тырысып, «он ойланып, жүз толғанып» дегендей, ата-аналарымыздың қаны мен тәрбиесі арқылы бойымызға дарыған бауыр-малдық сезімімізді сол кездегі дәстүр бойынша «Құттықтау адресіне» жазып, жан-жағын өрнектеп, сөздерін алтын жалатқандай жалтыратып, «50 жас» деп арнайы жасалған пәлкіге салып, сол кешке жиналған туған-туыс, жақын-жуық, жора-жолдастардың алдында бар ынты-шықтымызбен оқып беріп, табыстаған едік. Сол кезде бұл тартуымыз отырғандарға, қазіргі кездегіше айтсақ, шетелдік мәшинаның кілтін табыстағандай әсер қалдырып еді.

Сол себептен Рахымға арналған сол жолғы ыстық ықыласымызды оның 80 деген мерейлі жасқа толғалы отырған бүгінгі шағында, оның кей-біріне түсінік бере отырып, қайта жаңғыртып, жариялауды жөн көріп отырмыз.

**«Құрметті әлде 26 наурызда, әлде 1 сәуірде өмірге келген, әлде Керейтбаев Рахым, әлде Әбілханов Алданыш!»**

(Өзі «құжаттағы 1-сәуір деген жазу нақты емес, анамның айтуынша менің шыр етіп дүниеге келгенім - 26 наурыз мен үшін өте ыстық» дейтін. Ал мектепте Керейтбаев болып жүрген Рахым, аттестат алғаннан соң аяқ-астынан Әбілханов Алданыш болып шыға келді).

Бұған дейінгі келген жастарымыздан еңсесі биіктеу, әлі де жастықтың қызуынан қол үзбеген, 60-тың асуына жол сілтпеген 50 деген жасқа біртіндеп біздер де келіп жатырмыз. Міне, сен де келдің! Басқаларды қайдам, өзім Сен туралы ойлансам, өткен өміріңе көз жүгіртсем, өн бойыма туыстықтың, достыққа тән жылылықтың жаныма жайлы сәттері мен сезімдері оралады, жүзіме күлкі үйіріліп, жымып отыранымды өзім де байқамай қаламын.

Ата-аналарымыздың екеумізді қатар жатқызып, бір мезгілде сундетке отырғызғанын біздің туысқандығымызға, құрдастығымызға берілген жолдамадай көріп, өмір өткелдерінен көбінесе бірге өтіп келеміз.

**Мектептегі кезіңді еске алсам:** Сен қалада да, ауылда да, өз үйіңде де, өзге үйіңде де жатып оқыдың. Оқудың күндізгісінің де, кешкісінің де дәмін таттың. Сабақтан да қалмай, кино көруді де қалт жібермей, кластаспен де, көшелеспен де дос болдың. (7-классты бітірген кезінде әкесінің жұмысы «Октябрь» колхозға ауысып, 8-классты біздің үйде жатып оқыды. 8-ді бітіргесін ата-анасы оны ауылға алдырып, онбір жылдықты кешкі мектепте бітіртеді. Қармақшыда тұрғанында Садовая, Мельничная көшесіндегі бұзықтау балаларға жақындау болды, солармен бірге кешкі киноларға

# "РАХЫМНЫҢ ӨМІРІ - НАҒЫЗ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ"

есебін тауып кіріп, киноға тиіп-қашып баратын біздерге көрген кино уақиғаларын қимылымен де, музыкасын да салып, бұлжытпай айтып беретін).

**Студенттік кезіңді еске алсам:** Тұла бойыңның әзіл-оспаққа тұнып тұрғанына, музыкалық түйсігіңнің ерекшелігіне қарамастан сені Әуез училищесі қабылдамай, жаратылысыңа ауылы қашықтау Сауда техникумы құшағын жая қарсы алды. Шымкенттегі екі жылыңды студенттік өмірді сенен бұрын бастап, кеш аяқатаған біздер қызғатындай етіп, думандатып та, шалқытып та өткіздің. Оқымағаның сырттай оқу еді, оны да соңынан қалмай жүріп бітірдің, Иван Сергеевич Тургенеппен жақсылап таныстың. Керек болса басқаны оқытатын дәрежеге жетіп, мұғалімдік мамандық алдың.

**Әскердегі кезіңнен қасыңда болмасақ та хабардармыз:** «Байқоңыр» космодромының іргетасының берік қалануына өз үлесіңді аянбай қосып болғасын, Әскери басшылық сені Сібірді игеруге жібергенін білеміз. Талай боздақтар елге жете алмай қалған ол жерден де аман-есен оралғаның есімізде. (Осы әскерлік міндетін өтеу жылдарында арнаулы орта білімі бар Рахымды онан қашқан, мұнан қашқандар баратын құрылыс батальонына жіберу үлкен қателік еді. Әңгіме желісінен соған байланысты оның шалыс қадамын да аңғаруға болады. Қармақшыдан жүз шақырым жердегі Байқоңырда төртбі жолға қойылмаған құрылыс батальонында болуынан, оның Қармақшыға келуі жиілейді. Сол себепті оны ауылынан қашық жерге жіберуге тура келеді).

**Қызметіңе келсек:** кооперациялық сауда, мемлекеттік сауда және сауданы бақылау саласын да тәмамдап, облыстық әкімшілікте, халықтық бақылау, баға комитеттерінде басшылық қызметтерге дейін жоғарылап, жұмыссыздармен де күресетін әлеуметтік саланы басқарып, қай кезде де халыққа жақын болдың.

Өзің әзіл-күлкі күні өмірге келгеннен соң бе сен туралы бірыңғай салмақты сөз айту қызық емес тәрізді көрінеді. Дегенмен де есімізді жияйық, 50-ге келдік қой...

**Қадірлі Рахым!**

Мына думандатып өткізген 50 жылдық өмірің, мерейтойың құтты болсын! Бойыңдағы біз аса құрметтейтін баладай аңғырттығың, өлгенді де күлдірерлік әзілкештігің мен айналаңа тек жасалық пен жылылық сыйлайтын осындай керемет қасиеттерің жаныңа өмірбойы азық болып, Тұрсын әеулерінің қызыққа толы, мағыналы өмірлерің жалғаса берсін демекпін.

Өмір табалдырықтарын нық аттап келе жатқан, жандары жайсаң, мінездері биязы Қарлығаш, Нұрлыбек, Мараттарың өздерінің жетістіктерімен,

жеңістерімен сендерді қуанта берсін!

Өзіңмен әрі құрдас, әрі туыстас – Сәдуақас-Кенже және осы құттықтауды шын ниеттерімен бөлісетін достарың: Болат-Жансауле, Айдарбек-Назым.

**1996 жылдың 1-сәуірі, Қызылорда қаласы»**

Өзіл түрінде жазылса да жоғарыдағы әңгімеден Рахым жас албырт кезінде бір ізбен жүрген біздерден гөрі, еркін өмір сүргендігін байқаймыз. Бұл турғыдан алғанда, салыстырмалы түрде Б.Сопқапаевтың «Менің атым Қожа» повесі бойынша Абдолла Қарсақпаевтың осы аттас фильміндегі Қожаның қылығы өз ортамыздағы: мектепте де, студенттік кезде де, әскерде жүргенде де, тіпті жалпы өмірде болсын осы Рахымға келеді. Қожа туралы кітап пен киноның дүниежүзіне танылуы, оның өмір шындығына құрылуынан болатын. Сол себепті біз білетін Рахымның өмірі – нағыз өмір шындығы. Ал мен өзімді көбіне Қожаның антипод-класасы Жантасқа ұқсатып, Рахымның еркіндігі мен іс-қимылдарына ылғи да қызығатынмын.

Рахым бала кезінен арманшыл, қиялшыл болды. Біздің уақытымыздағы (соғыстан кейінгі жылдардағы) қиыншылықтар, үнемі жетіспеушілік, күнде қайталан беретін суренсіз өмір бала қиялына тіпті сәйкес келмейтін. Қалада (Жосалыны қала дейтінбіз) жақсы оқып жүрген оны жігіт бола бастаған жасында ауылға апарып, колхоздың жұмысына салып, оқуын кешкі мектепте жалғастыруы Рахымның ренішін туғызды. Соның бір көрінісін айтып берейін. Мен Шымкентте химия-технологиялық институтында оқып жүргенімде, ол ауылда Разақ інісімен бірге кесек құйып, үй салау әкесіне көмектесіп жүреді. Аяқ астынан есіне мен түсіп, Разаққа қаратып: «Сәдуақас болса анау, Шымкент деген үлкен қалада студенттік өмірдің рахатын көріп жүр. Ал мен болсам, мынау колхозда балшық илеп жүргенім» деп, қолыңдағы домалақтап қалыпқа салғалы тұрған балшықты үйілген ылғайға былш еткізсе, қатты ұрылған болуы керек, балшық қайта шалшып, Рахымның бетін жауып кетіпті. Өзінің бишара жағдайының ақысын балшықтан алам десе, жаны жоқ ауылдың балшығы да мұңны мазак қылғандай бетін адам күлдерінің еткен көрінеді.

Дегенмен кешкі мектептің кесірінен бірден жоғары білім алмағанымен, техникумдағы білімімен де облыстық сауда бақылау инспекциясы бастығының орынбасары лауазымына дейін көтерілді. Жоғары білімі бар деген диплом үшін Қызылорда педагогикалық институтын сырттай оқып жүргеніндегі



Осынысы Тургеневті оқығаннан кейін онан сайын дамып кеткен болуы керек, Қызылорданың экологиялық апатты аймақ екенін Рахым түбін түсіре жамандағанына кейбір кісілер құдайдай сеніп көшіп кеткені де бар. Бірақ өзі туған жерін жақсы көргені сондай көшемің деп ешқашан айтқан емес.

Мына 80-ге келген шағын «қамшының сабындай қысқа өмірдің қай жерінде жүр екенбіз»-деп айтатын Рахымның өз сөзімен болжасақ, көбі кетіп азы қалғандай. Соны өзі де бүкіл жәнтәнімен сезінгендей, Рахым соңғы 2-3 жылда түбегейлі өзгерді. Оған өзінің алдындағы Қара, Еламан ағалары о дүниелік болып, өз әулетінің және қаратамырдан тарайтын Мәмбет аталығының да үлкендігі өзінде қалып, соларға ақсақалдық жасау керектігі әсер еткен-ау деп білемін. Осы жауапкершілігі зор миссияны абыроймен атқару әркімнің қолынан келе бермейді. Рахым болса, ағайынның қуаныш-ренішіне бүкіл отбасымен араласып, ата-бабадан келсе жатқан дәстүрді үлкендік сөзімен де, нақты ісімен де орындап келеді. Оның, әсіресе, облыс өнеркәсібінің флагмандары болған ЦҚЗ мен ФНМ кәсіпорындарына басшылық жасап жүріп, 45 жасында дүниеге келген Еламан Керейтбаев ағасының атын есте қалдыру мақсатында Қызылорда қаласының бір көшесін алып берудегі қызметі атап өтерлік іс болды дер едім.

Соңғы жылдары отбасымен Алматыға көшіп, онда Бостандық ауданы Ардагерлер қоғамы төрағасының орынбасары қызметін белсенді түрде атқарып жүр. Осы қызметі үшін 2023 жылы Бостандық ауданы әкімі мен маслихатының «Құрмет Грамотасымен» марапатталған. Қызылордадағы қызметі үшін Қызылорда облысы әкімі мен маслихатының «Құрмет Грамотасымен» марапатталған болатын.

Нұрлыбек, Марат ұлдары мен Қарлығаш атты қызына бұдан 30 жыл бұрын айтқан тілектеріміз орындалып, олардың бәрі де жоғары білім алып, жұртқа танымал қызмет атқаруда. Олар да үйлі-баранды болып, олардың немерелері де үйленіп, Рахым мен Тұрсынға 7-8 немере мен бірнеше шөбере сүйгізіп отыр. Асылхан атты күйеу баласы, Әлия, Әсем келіндері бар. Қазір немерелері де Құдай қосқан құдаларымен тату-тәтті қатынас орнатуда көпшілікке үлгі болып келеді.

Сөз соңында Рахымға мына 80 жасқа келген мерейлі жасың құтты болсын, қамшы сабының аяғына дейінгі өмірің бұған дейінгідей мағыналы да, мәнді болып өтсін деп отбасымызбен шын көңілімізбен тілейміз.

**СӘДУАҚАС – КЕНЖЕ.**

## ҚЫЗЫЛӨЗЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

**№ 233 сайлау учаскесі**

Орналасқан жері: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 39 «Қызылөзек» орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылөзек ауылдық округі, Қараөзек ауылы, Е.Дәуітбаев көшесі, № 2.

Шекарасы: Қызылөзек ауылдық округінің Қараөзек ауылы.

**№ 239 сайлау учаскесі**

Орналасқан жері: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 128 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылөзек ауылдық округі, Қараөзек стансасы, Қараөзек бекеті -1 көшесі, ғимарат № 3.

Шекарасы: Қызылөзек ауылдық округінің Қараөзек стансасы.

**№ 240 сайлау учаскесі**

Орналасқан жері: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 175 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылөзек ауылдық округі, Айнакөл ауылы, Айнакөл-1 көшесі, № 13.

Шекарасы: Қызылөзек ауылдық округінің Айнакөл ауылы.

Қызылорда қаласы әкімінің 2021 жылғы 23Қыркүйектегі № 18 шешімімен құрылған

## ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК СЕЛЬСКОГО ОКРУГА КЫЗЫЛӨЗЕК

**Избирательный участок № 233**

Местонахождение: Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 39 «Кызылөзек» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области, сельский округ Кызылөзек, село Караозек, улица Е. Даутбаева, № 2.

Граница: село Караозек сельского округа Кызылөзек.

**Избирательный участок № 239**

Местонахождение: Коммунальное государственное учреждение «Основная школа № 128» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области, сельский округ Кызылөзек, станция Караозек, улица Караозек бекети-1, здание № 3.

Граница: станция Караозек сельского округа Кызылөзек.

**Избирательный участок № 240**

Местонахождение: Коммунальное государственное учреждение «Основная школа № 175» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области, сельский округ Кызылөзек, село Айнаколь, улица Айнаколь-1, № 13.

Граница: село Айнаколь сельского округа Кызылөзек.

Образована решением акима города Кызылорда № 18 от 23сентября 2021 года

## 2026 ЖЫЛҒЫ –II ТОҚСАНДАҒЫ АЛАМЕСЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ОСЫ МЕКЕМЕНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУДЫ ЖҮРГІЗУ КЕСТЕСІ

№	Елді мекенатауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның А.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Есет батыр ауылы	Тажимаев Дәулеткерей Уразбекович	Аламесек ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі, жұма 10.00 ден 12.00-ге дейін	Есет батыр ауылы, К.Әбішев көшесі №26 үй	8(724-31)34-3-03

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясатының басты міндетінің бірі болып табылады, сондықтан әр ұйымда, мекемеде және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, әр азаматтың борышы және міндеті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жыл сайын Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында жарияланады. «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барлық бағыттар бойынша жаңа серпін беру қажеттігін атап өтті.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әділетсіздік азаматтардың наразылық сезімдері мен құқықтық нигилизмінің өсуіне әкеледі.

Біздің мемлекет сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде.

Біздің елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жалпы мемлекеттік мәртебе берілгендіктен , сыбайлас жемқорлық көріністерінің жолын кесу және шектеу бойынша қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп үлкен жұмыс жүргізілуде.

Осылайша , сыбайлас жемқорлықты жою үшін бүкіл қоғам күресуге тиіс.

**«Қоғалы ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ

Жөлек ауылдық округі әкімі аппаратының әкімшілік қызметкерлері мен бағынысты Жөлек ауылдық Мәдениет үйінің басшысына, сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыс жасағаны үшін дербес жауапкершілігі қаралатындығы жөнінде ескертіліп, Жөлек елді мекені бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін арттыру, оған қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында билборд орналастырылған.

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ акция өткізілді. Жөлек әкімдігі ғимаратында орналастырылған www.egov.kz Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі арқылы 55 кеше тұлғаға кідіріссіз қызмет алуға көмек көрсетілді.2026 жылдың 1-тоқсанында е-лицензиялау ақпараттық жүйесі арқылы берілген 2 жолданым қанағаттандырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі «Жиналыс» өткізіліп, қолданыстағы зағнамаға сәйкес түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Б.САРТАЙ**  
**Жөлек ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы**

Қазалы ауданының әкімі А.ЕСМАХАНОВ:

## КӨГІЛДІР ОТЫН – БҰЛ ТЕК ҚАНА ОТЫН КӨЗІ ЕМЕС

Ел игілігіне бағытталған ауқымды жобалардың бірі – Қазалы ауданындағы Бекарыстан би, Майдакөл және Ү.Түктібаев ауылдарына орамшілік газ желілері құрылысының басталуына орай Бекарыстан би ауылында салтанатты шара өтіп, үш ауылдың тұрғындары көптен күткен игі істің куәсі болды.

Салтанатты шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған ауқымды жұмыстардың басталуымен құттықтады. Сондай-ақ үш ауылдың да халқы көп ұзамай көгілдір отынның қуанышына кенелетіндігін жеткізді.

Көгілдір отын – бұл тек қана отын көзі емес. Бұл – тұрғындардың тұрмысын жеңілдететін, экологиялық жағдайды жақсартатын, уақытты үнемдейтін, ең бастысы – өмір сапасын арттыратын маңызды игілік. 2026 жылға аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен аудандағы Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл және Ү.Түктібаев ауылдарына орамшілік газ желілері құрылысын бастауға республикалық бюджеттен 680 млн. теңге қаржы бөлініп, бүгінгі күнге, елді мекендерге орамшілік газ жүргізу жұмыстары басталуда. Жалпы жыл соңына дейін аудан бойынша елді мекендерді газбен қамту көрсеткіші 78,5 пайызға жеткізу жоспарланып отыр. Бүгінгі күзге асып жатқан жұмыстар толықтай аяқталғаннан кейін Бекарыстан би, Майдакөл және Ү.Түктібаев ауылдарындағы 1000-ға жуық тұрғын үй мен 16 әлеуметтік нысан көгілдір отынға қосылып, 5500-ден астам тұрғын көгілдір отынның қуанышына

Аталған 3 ауылды көгілдір отынмен қамту жұмыстарымен мердігер мекеме – «AsiaStroy KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесі айналысуда. Аудан басшысы шарадан кейін мердігер мекеменің жауапты өкілімен кездесіп, жоспарланған жұмыстарды белгіленген мерзімінде әрі сапалы аяқтау керектігін айтты.

кезең-кезеңімен көгілдір отынмен қамту бағытындағы жұмыстар жалғасын табатын болады, – деді аудан әкімі.

Шарада Қызылорда облысының Құрметті Азаматы Самұрат Имандосов пен Ақжона ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шынтас Жадиев ауыл тұрғындарын маңызды бастамамен құттықтап, ауыл ақсакалы Болат Садуов жиылған



кенелетін болады. Бұл – еліміздің, бірлігіміз бен берекеміздің арқасында қол жеткізіп отырған жетістігіміз. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаудың нәтижесінде ауылдарымыз күннен-күнге жаңарып, көркейіп келеді. Алдағы уақытта да ауданымыздың барлық елді мекендерін

жұртшылыққа ақ батасын берді.

Мұнан соң аудан басшысы мен ел ағалары, зиялы қауым өкілдері жиылған жұртшылықпен бірге орамшілік газ желілерін жүргізу жұмыстарының басталуына куә болды.

## АРАЛ ГЕОПАРКІ – ТУРИЗМ МҮМКІНДІГІ

Арал ауданына арнайы сапармен ЮНЕСКО-ның Ғаламдық геопарктер кеңесінің мүшесі, ЮНЕСКО-ның «Кешм» (Иран) Ғаламдық геопаркінің ғылыми үйлестірушісі Алиреза Амирказеми, сондай-ақ Алматы қаласындағы ЮНЕСКО өңірлік кеңесінің жаратылыстану ғылымдары бағдарламалары бойынша маманы Елена Осипова келді.

Сапар аясында шетелдік сарапшылардың қатысуымен Арал геопаркінің Сапар орталығында «Арал өңіріндегі климаттың өзгеруі жағдайында туризмді, ғылымды және технологияларды дамыту» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Басқосу барысында өңірдің экологиялық ахуалы, климат өзгерісіне бейімделу тетіктері, геопаркті дамытудағы ғылыми және инновациялық тәсілдер жан-жақты талқыланды. Қатысушылар тұрақты туризмді дамыту, табиғи мұраны сақтау және халықаралық тәжірибені енгізу бағытында өзара пікір алмасты.

Іс-шарадан кейін сарапшылар Аралдың рухани ордасы саналатын «Руханият» орталығына табан тіреді. Мұнда қонақтарға қазақ халқының бай мәдениеті мен салт-дәстүрлері кеңінен таныстырылды. Дәстүрлі шашу рәсімі көрсетіліп, этно бағдарлама аясында ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Сондай-ақ бесікке салу және тұсаукесер сынды көне ғұнпарт сахналанып, шетелдік меймандар қазақ халқының рухани мұрасына ерекше қызығушылық танытты.

Сапар барысында делегация тарихи-өлкетану музейінде де болды. Мұнда Арал өңірінің өткені мен бүгінінен сыр шертетін құнды жәдігерлер мен деректер ұсынылды. Сарапшылар аймақтың тарихи-мәдени ерекшеліктерімен танысып, өңірдің туристік әлеуетіне жоғары баға берді.

Сонымен қатар шетелдік қонақтар геопарк серіктестерімен танысу мақсатында бірқатар өндірістік және білім беру нысандарын аралады. Атап айтқанда Индустриалды-техникалық колледжде кәсіби білім беру жүйесімен танысып, жергілікті мамандар даярлау ісіне назар аударды. Тігін цехы мен сода өндірісінде болып, өңірдегі шағын және орта бизнестің даму барысын, өндірістік мүмкіндіктерін көрді.

Аталған сапар Арал геопаркінің халықаралық деңгейде танылуына, тәжірибе алмасуға және өңірдің тұрақты дамуына бағытталған жаңа бастамаларды жүзеге асыруға тың серпін берді.

## ЖАРЫҚ ЖАРҚЫРАЙДЫ

Сырдария электр желілерінің тозу деңгейін төмендету бағытында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Сырдария ауданындағы Қалжан ахун ауылында электрмен жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы мердігерлігімен 1 КРН-IV-10 10 кВ ұяшығы, 4 КТПБ 10/0,4 кВ қосалқы станция орнатылды.



Жоба бойынша 242 тұтынушының электр есептегіш құралдары мен вводтық кабельдері ауыстырылуда. 4,7 км көше жарығы қамтылған. 10 кВ әуе желісі бойынша: 189 бағана орнатылды.

Атқарылып жатқан бұл жұмыстар ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттырып, электрмен жабдықтау жүйесінің сенімділігін мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Жанартылған инфрақұрылым болашақта апаттық жағдайлардың алдын алып, халықтың игілігіне ұзақ мерзім қызмет ететін болады.

## НЕГІЗСІЗ БАҰ СОМАСЫ ӨНДІРІЛДІ

Байқоңыр қалалық сотында талап қоюшы М.-ның жауапкер А.-дан негізсіз баю сомасын өндіру туралы талап қоюшы бойынша азаматтық іс қаралды. Анықталғандай, белгісіз тұлғалар талап қоюшыға хабарласып, банк шоттарына кибершабуыл жасалып, ақша ұрлауға тырысып жатыр деген желеумен оның сеніміне кіріп, банк шоттарындағы қаражаттарына қол жеткізіп, бірнеше онлайн несилер рәсімдеткен. Әрі қарай талап қоюшы өзінің банк шотындағы ақшаның бір бөлігін жауапкер А.-ға аударған.

Талап қоюшы өзінің интернет-алаяқтардың құрбаны болғанын кейін түсінгенін, азаматтық-құқықтық қатынастардың жоктығына қарамастан, жауапкерге өз ақшасын аударғанын көрсетіп, негізсіз аударылған соманы жауапкерден өндіріп беруді сұраған.

Сот шешімімен жауапкерден талап қоюшының пайдасына 3 010 000 теңге негізсіз баю сомасы өндірілді.

Байқоңыр қалалық соты

## ТАЗАЛЫҚШЫ ДРОН

Елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» акциясы аясында санитарлық тазалықты сақтау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Жыл сайын ұйымдастырылатын сенбіліктер мен тазалық шаралары барысында аудан орталығы мен барлық елді мекендердегі күл-қоқыс тазартылып, арнайы орындарға шығарылады.

Алайда, атқарылған жұмыстарға қарамастан, кейбір тұрғындардың қоршаған ортаға немқұрайлы қарауы салдарынан тазаланған аумақтар қайта ластануда. Атап айтқанда, тұрмыстық қалдықтар мен көріз суларын белгіленбеген орындарға төгу, сондай-ақ бейіттер аумағына қоқыс тастау деректері жиі кездесуде.

Осыған байланысты Қазалы ауданы көлемінде тиісті мекемелердің бірлесуімен рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылып, арнайы жұмысшы топ тұрақты түрде бақылау жүргізуде. Қазіргі таңда тазалық талаптарын бұзғандарды анықтау мақсатында дрондар қолданылып, құқық-бұзушылықтар әуеден бақылауға алынууда. Нәтижесінде, заң талаптарын бұзған азаматтарға тиісті шаралар көріліп, айыппұлдар салынууда.

«Тазалық – тазаланған жерде емес, сақталған жерде» деген қағиданы естен шығармайық. Осы ретте барша аудан тұрғындарын туған жеріміздің тазалығына бейжай қарамай, қоршаған ортаны таза ұстауға және белгіленген талаптарды сақтауға шақырамыз.

## АҚҚҰМДА ЖАРЫҚ ЖАҢАРТЫЛУДА

Жаңақорған ауданында тозығы жеткен электр жүйелерін жаңғырту және тұрғындарды сапалы электр қуатымен қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың қолдауымен 2022 жылдан бері жалпы құны 9,6 млрд. теңгені құрайтын 22 жоба кезең-кезеңімен іске асырылуда.

2022–2025 жылдары Жаңақорған, Қандөз, Жаңарық, Сүттіқұдық, Бірлік, Еңбек, Келінтөбе, Қожакент, Ақсуат және Екпінді елді мекендерінде жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, толық аяқталды.

Қазіргі уақытта жалпы құны 1,1 млрд теңгені құрайтын Манап, Сұнақата, Құттықожа және Өбдіғалпар елді мекендеріндегі 4 жоба 2026 жылға өтпелі кезеңімен іске асырылуда. Сонымен қатар, 2,2 млрд теңгеге Жаңақорған кентіндегі «Саяжай-1» мөлтек ауданына электр желісі тартылуда.

Аудан әкімі **Мажит Самитов**, аудандық мәслихат төрағасы **Жайқынбек Ғалымжан**, қоғамдық кеңес төрағасы Даулет Қалыбаев Кеңенде ауылдық округіне қарасты осы Аққұм елді мекенінде электр желілерін жаңғырту жобасының құрылыс жұмыстарымен танысты.

Аталған жоба – тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Ұзақ жылдар бойы тозығы жеткен электр жүйесі толық жаңартылып, заманауи талаптарға сай қызмет көрсететін болады.

Жоба 2024 жылы демеушілердің қолдауымен әзірленіп, 2026 жылы облыстық бюджет есебінен қаржыландырылды.

Жоба аясында 3 жаңа қосалқы станция орнатылып, 69 шақырым электр желісі жүргізіледі.

Жоба толық іске асқаннан кейін Аққұм және Қауық елді мекендері сапалы, тұрақты өрі сенімді электр энергиясымен қамтамасыз етіледі. Бұл тұрғындардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.



## ТҰРАҚТЫ «ТАЗАЛЫҚ»

Шиелі ауданында Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында көркейтуді, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары кең көлемде жүргізілуде.

Кент орталығында өрлеу, сырлау- бояу, гүл егу, ағаш көшеттерін отырғызу сынды жұмыстар ауқымды түрде атқарылуда. Сонымен қатар жол жиектері, арық-атыздар, саябақтар мен демалыс орындары ретке келтіріліп, қоршаған ортаның тазалығын сақтау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Аталған игі шаралар тұрғындардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырып, ауданның санитарлық тазалығын қамтамасыз етуге және өңірдің көркеюіне оң әсерін тигізуде. Сонымен қатар тазалық жұмыстары арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға да ерекше мән берілуде.

Айта кету керек, «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы тазалық және абаттандыру шаралары алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасын табатын болады.



## АЛҒАШҚЫ І ТОҚСАНДАҒЫ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Қызылорда облыстық сотында соттардың 2026 жылдың I тоқсанындағы жұмыс қорытындылары бойынша кеңейтілген кеңес өтті. Оған Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ә.Шығамбаев, алқа төрағалары, облыстық сот судьялары, аудандық және өңірлік жөніндегі сот алқасы төрағасының мен судьялары қатысты.

Жиынды облыстық соттың төрағасы Ә.Шығамбаев ашып, қатысушыларды облыс соттарының жұмыстарының қорытындысымен таныстырды. Сонымен бірге қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы төрағасы Ж.Бекжановтың, азаматтық істер жөніндегі сот алқасы төрағасы Ж.Жақсылықтың және өкімшілік істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы Ш.Маликованың есептері тыңдалды.

Баяндамаларда бірінші және апелляциялық сатылардағы соттардың сот төрелігін жүзеге асыруы бойынша негізгі деректер атап өтілді.

Баяндамашылардан кейін сөз алған облыстық сот төрағасы Ә.Шығамбаев сот төрелігін жүзеге асыру сапасын жақсарту мәселелеріне тоқталып, істерді татуластыру рәсімдерінің көмегімен аяқтаудың тиімділігін және алдағы атқарылатын жұмыстар мен жоспарларды атап өтті.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

## ТАРАПТАР КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ

Талап қоюшы сотқа жауапкерден ақша өндіру туралы талап қоюмен жүгінген.

Іс құжаттарына сәйкес тараптар ауызша келісімге келіп, жауапкер талап қоюшының үйінің сыртына құрылыс өрлеу жұмыстарын жүргізу міндеттемесін алған. Талап қоюшы құрылыс заттары үшін 2,3 млн. теңге несие рәсімдеген. Алайда, жауапкер бастаған жұмысын толық аяқтамай, міндеттемесін орындамаған.

Сот отырысында тараптарға дауды бітіммен аяқтау жөніндегі құқықтары түсіндірілді. Нәтижесінде, тараптар дауды өзара бітіммен аяқтау туралы келісімге келгендерін көрсеткен. Оған сәйкес жауапкер үйдің сыртын қаптау жұмыстарын келісілген уақыт аралығына дейін толық аяқтауға міндеттенді. Ал, талап қоюшы талабынан бас тартты.

Сот ұйғарымымен тараптар арасында жасалған медиациялық келісім бекітіліп, азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

Қызылорда қалалық соты

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТЫЛДЫ

Арал аудандық сотында Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 188-1-бабы 3-бөлігінің 2)-тармағы бойынша сотталушы Д.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Анықталғандай, сотталушы бұрын меншікке қарсы ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған бола тұра, тиісті қорытынды жасамай, бөтеннің малын жасырын ұрлау мақсатында азамат А.-ның үйінің ауласына қоршаудан секіріп түсу арқылы заңсыз кіріп, мал қорасынан бір бас түйені жетектеп алып кеткен.

Қылмыстық әрекет салдарынан жәбірленушіге 800 000 теңге мөлшерінде мүлктік зиян келтірілген. Сотталушының кінәсі оның мойындаған жауабымен, жәбірленуші мен куәнің жауаптарымен, іс бойынша басқа да дәлелдемелер жиынтығымен бекітілген. Яғни, ол меншікке қатысты ауыр қылмыстық құқық бұзушылық жасаған, оған сотпен жеңіл жаза тағайындағанымен қорытынды шығармаған. Сот бір үкім бойынша жазаны өтеу барысында сотталушының бірнеше рет жаза өтеу тәртібін бұзып, екі рет бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылғанын, жеке басы жақсы мінезделмейтінін ескерген.

Сот үкімімен сотталушы Д. ҚР ҚК-нің 188-1-бабы 3-бөлігінің 2)тармағымен кінәлі деп танылып, 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Арал аудандық соты